# SARYARQA

15 mamyr 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№17 (8181)



**SAIASAT**
«5-10-20» ЖОБАСЫМЕН КІМДЕР ПӘТЕР АЛА АЛАДЫ? 2-бет

**DÚBIR**
ӘКІМ АРДАГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ 3-бет

**ZERDE**
ҚАҺАРМАНДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ 4-бет

**RESMI**
АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ 6-бет


# «ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ»

## *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел алдында тұрған еңселі міндеттерді айқындап берді*

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен дүйсенбі күні төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысы өтті. Жиынға облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен құқық қорғау құрылымдарының басшылары бейнебайланыс режімі арқылы қатысты.**

***Мемлекеттік комиссия қайта құрылады***

Жер-жаһанға қауіп төндірген індеттің елімізде кең таралуына жол бермеу мақсатында құрылған мемлекеттік комиссияның жұмысы қорытындыланып, төтенше жағдай режімінің аяқталғаны мәлім болды. Соңғы екі айда қолға алынған іс-шаралар сараланған отырыста сөз тізгінін ұстаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қауіп-қатердің әлі беті қайта қоймағанын, дегенмен індеттің шарықтау шегі артта қалғанын атап өтті.

– Төтенше жағдай режімін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия ауқымды жұмыс атқарды. Халықтың денсаулығын қорғау, олардың табысын арттыру және бизнесін қолдау үшін 500-ге жуық шешім қабылданып, жүзеге асырылды. Енді төтенше жағдай режімін қамтамасыз ету жөніндегі комиссия Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия болып қайта құрылады. Бүгін бүкіл еліміздегі төтенше жағдай режімі аяқталды. Алайда кейбір аймақтарда derттің тара-луы бәсеңдемей отыр. Індет толығымен жойылып кеткен жоқ. Пандемия халықтың денсаулығына әлі де қауіпті. Сондықтан карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, көптеген саланың қызметі қалпына келе бастады. Қазірдің өзінде 1 миллион 100 мыңнан аса азамат жұмысқа шықты. Енді еліміз бойынша дүкендердің біразы ашылып, сән салондарының, білім орталықтарының тағы басқа нысандардың қызметі қайта жандана бастайды. Саябақтар ашылады. Жолаушыларға арналған әуе тасымалының жұмысы қалпына келеді. Бұған дейін 6 қаланың әуежайы ашылған болатын. Енді оған тағы 7 қала қосылады.

Әйтсе де көптеген шектеулер алынып тасталғанына қарамастан, күнделікті өмірде сақтық шараларын қатаң ұстану маңызды болып қала бермек. Бұл ретте Мемлекет басшысы Үкімет жаңа санитарлық ережелерді дайындап, енгізуі қажет екенін алға тартты. Атап айтқанда, шағын, орта, ірі компаниялар жаңа ережелерге сәйкес жұмыс істеуі керек. Әлеуметтік арақашықтықты сақтау, көпшілік жиналған жерде бетперде тағып жүру қалыпты жағдайға айналуға тиіс. Облыстар арасындағы көлік қатынасына қатысты шектеулер қала береді. Қоғамдық көліктер жартылай жүктемемен жұмыс істейді. Жолаушылардан бетперде тағу талап етіледі. Көшеде топтасып жүретіндер 3 адамнан аспауы керек. Мемлекеттік қызметшілердің 50 пайызы қашықтан жұмыс істей береді. Жеке кәсіпорын басшылары қанша қызметкерді жұмысқа шығаратынын өздері анықтауға тиіс.

***Пандемия әлі де қауіпті***

– Жұрттың көбі әлі де үйде отыра тұрғаны дұрыс болар еді. Бұл – ең алдымен, адамдардың қауіпсіздігіне байланысты мәселе. Жұмыс орнында әлеуметтік арақашықтық және қатаң санитарлық режім сақталуы қажет. Індеттің екінші кезеңі басталып кетуі мүмкін. Сондықтан өзіміздің аман-саулығымызға, ең алдымен, өзіміз жауапты болуымыз керек. Індет қайта өршіген жағдайда Үкімет нақты шұғыл іс-қимыл жоспарын дайындайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елімізде дағдарысқа қарсы шаралардың екі топтамасы жүзеге асырылып жатыр. 4,5 миллионнан аса адамға 42 500 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілуде. 1 миллионнан аса азаматқа азық-түлік пен тұрмыстық заттар үлестірілуде. Коммуналдық төлемдердің тарифі төмендетілді. Оны төлеу үшін аса мұқтаж жандар қосымша көмек алады. 2 миллионға жуық азаматтың несие төлеу мерзімі кейінге шегерілді. Қолжетімді несие беру, көктемгі егіс науқанын жүргізу, жұмыс орындарын ашу және сақтау үшін айтарлықтай қаражат бөлінді. 700 мыңнан аса компания мен кәсіпкерлер үшін салық жүктемесі азайтылды. Сол арқылы олар 1 триллион теңгеге жуық қаржы үнемдеуге мүмкіндік алды.

Президент жұмыс барысында олқылықтардың болғанын, індет көп таралып, экономикалық мәселелер қатты ушығып кеткенін, соған сәйкес дер кезінде шұғыл шаралар қабылданғанын айтты. Туындаған көптеген мәселе қоғам өкілдерінің белсене қатысуы арқылы да шешіліп отырды. Бұдан осы шақ «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды кезеңіне айналғаны көрінді.

***Қаржы резерві жеткілікті***

– Коронавирус пандемиясы әлемдік рецессияның басталуына себеп болды. Тіпті ұзаққа созылатын экономикалық дағдарысқа да алып келуі әбден мүмкін. Жер-жерде протекционизмнің күшеюі белең алуда. Экономиканың тұтас салалары тоқырауға ұшырап жатыр. 400 миллионнан астам кәсіпорын банкрот болудың алдында тұр. Әлемдегі еңбекке жарамды халықтың жартысына жуығының табысы азайды. Сарапшылар жаһан экономикасы соңғы жүз жыл ішінде болмаған деңгейге түсетінін болжап отыр. Осындай жағдайға қарамастан, еліміз бірқатар басымдыққа ие болып отырғанын айтқым келеді. Бізде қаржы резерві жеткілікті және мемлекет қарызының көлемі мүмкіндігімізге орайлас. Ең бастысы, біз жаңа ахуал жағдайында жұмыспен қамтамасыз ету және экономикалық тиімділікті арттыру үшін ресурстарды қайда жұмсау керектігін білеміз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев халықтың өмірі мен денсаулығын сақтай отырып, азаматтардың табысын арттыру, бизнесті қолдау және оны дамыту, білім және ғылым жүйесін жетілдіру күн тәртібінен түспейтінін айта келе, дағдарыс кезіндегі және одан кейінгі дамудың басымдықтарына тоқталды.

– Жуық арада ең өзекті деген мынадай мәселелерді шешуіміз керек. Біріншісі – Қазақстан экономикасының өзін-өзі қамту деңгейін арттыру. Бұл үшін қолда бар қуатты шикізат қоры негізінде өнеркәсіп саласындағы өңдеудің тың тәсілдерін дамыту қажет. Біз Қазақстан экономикасының келешектегі құрылымына жаңа көзқараспен қарауымыз керек. Оның өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету сияқты басты салаларының рөлін айқындаған жөн. Басқаша айтқанда, шұғыл түрде экономиканың жаңа құрылымын қалыптастыруға тиіспіз. Энергетика секторына айтарлықтай реформа жүргізу қажет. Дағдарыстан кейін бұл сала бұрынғыдай болмайды. Орта мерзімдегі кезеңде «жасыл энергетикаға» бет бұру – аса маңызды міндет. Индустрияландыру үдерісіне қатысты ұстанымды қайта қарау қажет. Экспорттық және ішкі нарықтардағы нақты мүмкіндіктерді айқындауымыз керек. Бұл ретте алға қойған мақсаттарды, әдіс-тәсілдерді белгілеп, ілгерілей түскен жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алуды сауатты пайдалануды экономикалық белсенділікті қалпына келтірудің құралы ретінде қарастыру қажет екенін алға тартты. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған мемлекеттік сатып алудың ерекше тәртібі биыл тамыз айына дейін жалғасын табады.

***Агросекторды қолдау ұлғаяды***

Мемлекет басшысы аграршыларға барынша қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Қазірдің өзінде іске асырылып жатқан форвардтық сатып алуларға қоса оффтейк-келісімшарттарды енгізу және «ҚазАгро» кредиттері бойынша берешекті қайта құрылымдау жолымен қаржыландыру тетіктері кеңейтіледі.

Қазақстанда 1 миллион 700 мың жеке қосалқы шаруашылық бар. Алайда олардың өнімдері сауда объектілері арқылы ресми сатылмайды және қайта өңдеу кәсіпорындарына түспейді.

►►2-бетте

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ ҒАЗИЗ ОМАРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

# ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН

## *Ғазиз ОМАРОВ кенді өлкенің мақтанышына айналды*

**«Жақсыға жолыққанның жолы ашылады» деген ежелден келе жатқан тәмсіл бар. Ал, жақсының жақсысы жолықса ше? Ендеше, жұлдызым биіктен жарқырады дей беріңіз. Кенді өлкенің, мысты өңірдің мақтанышына айналған Ғазиз аға Омаровтың өмір жолына көз салғанда осындай ойға тірелдім. Неге?**

Ол кісі алғашында өз келешегін кен өндірісімен байланыстырамын деп еш ойламаған. Заң маманы болғысы келген. Бұл туралы өзінің «Қаныш ағаның қос жолдамасы» атты естелігінде жан-жақты баян еткен.

Ғазекеңнің аса зеректігі мектеп қабырғасында жүргенде-ақ байқалған. Болашақ Социалистік Еңбек Ері, өндірістің ірі жетекшісі қазіргі кей қазақтар қырын қарайтын қазақ тілінде оқыды. Оқуда үздіктердің үздігі еді. Мектеп бітіретін жылы әкесі жұмыс бабымен Жезқазғанға жақындау Жиделісай деген жерге қоныс аударып, сондағы фермаға бастық болды. Ауылда мектеп жоқ, балалар Жезқазғанда оқиды екен. Қас қылғанда, Жезқазғандағы мектептерде қазақша оқытатын кластар жоқ болып шықты. Бұрынғыларының бары бала санының жетіспеушілігінен жабылып қалыпты. «Бес балаға бола қазақша класс аша алмаймын, оқимын десе, орыс класына барсын» деген білім басшысының айтқанына көнбеске амалы қалмады. Қасындағы ере келгендердің төртеуі «Орысшасы құрсын, үйге қайтып, жұмысқа кірісейік» деді де қайтып кетті. Алғашында орысша оқығысы келмесе де, намысы қысып кетті ме, «Тәуекел, оқиын» деді.

«Бір жағы тоғыз жыл бойы сабақты тек «5»-ке оқып келіп, мектеп бітірмей кететінім қалай болады?» деп ойладым» – деп еске алатын еді Ғазекең осы бір жағдай туралы.

Қиналды, бірақ, бөрілігі ғой, «арықтығын сыртқа сездірмеді». Арада алты ай өткенде бірге оқитын орыстың ұл-қыздары орыс тілінің тапсырмасын орындауға одан көмек сұрайтын болды. 1942 жылы ол мектепті үздік бағамен бітіріп шықты. Қазіргідей кең заман емес. Жоғары оқу орнына бару туралы ойланған да жоқ. Бар арманы – шахтаға жұмысқа тұрып, ақша табу, үй-ішін асырау ғана еді.

Ғазекеңе кейін қазақтың нағыз марқасқа мықтыларына, елдің бетіне шыққан қаймақтарына айналған таутұлғалардың арасынан ең алғаш жолыққаны академик Өмірхан Аймағанбетұлы Байқоңыров болды. Ол сол кезде №31 шахтаның бастығы еді. Өмекең оның құжатын қарап отырды да:

– Айналайын-ай, осы біздің Жезқазған өлкесінен орыс орта мектебін бітіріп отырған тұңғыш қазақ баласы екенсің әрі үздік бітіріпсің. Оқуды жалғастыру керек қой. Әрине, уақыттың қиындығын түсінемін. Бірақ, мен сені жер астына жібермеймін. Біріншіден, жасың әлі 18-ге толмапты, екіншіден, сауатты



нормировщиктер жетіспейді. Осында нормировщик боласың, – деді. Сөйтіп, Ғазекеңнің еңбек жолы «нормировщик» болудан басталды. Жұмысқа қабылдаған кім екенін айттық!

1944 жылы Кеңес елі жаудан толық азат етілді. Осы кезде жоғары оқу орындарына шақырған хабарламалар да көбейе бастады. Қасында жүрген жігіттердің «Бәріміз де сонда барып оқиық» деген дүрмегіне ілесіп, Ғазиз де заң мамандығына оқытатын институттың біріне пошта арқылы өтінішін жіберіп, жауабын күтіп жүрді. Поштаның баяулығы ма, жауап қайтарушылардың жалқаулығы ма әйтеуір, сондай бір жағымсыз жәйттер ол үшін жақсылыққа айналды. Қалай?

Бір күні шахтаға Алматыдағы политехникалық институттан П. Н. Торский, И. З. Лысенко деген профессорлар келіп, орта білімді қыздар мен жігіттерді оқуға шақырды. Павел Николаевич Торский онымен жеке сөйлесті.

►►4-бетте

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

**Биыл жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде Қазақстанда 6,5 мың инфрақұрылымдық жобасы іске асырылып, 255 мың жаңа жұмыс орны ашылмақ. Әлеуметтік-мәдени және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі және ағымдағы жөндеу, сондай-ақ, елді мекендерді абаттандыру сынды негізгі төрт бағытта іске асырылатын мемлекеттік бағдарламаның шарапаты Жезқазған қаласына да тимек. Жезқазғанда осы бағдарламаға 39 жоба енгізілген. Оның үшеуі білім саласына тиесілі. Осы ретте 2019-2020 оқу жылын қашықтан сәтті аяқтағалы отырған Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағамбетовті әңгімеге тартып, білім ошақтарының жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарының жоспарын білдік.**

## *Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ:*

# БІРАЗ НЫСАН ЖАҢАРАДЫ



***– Жеңіс Едігеұлы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында қандай білім және тәрбие беру нысандары жөндеуден өтеді?***

– Жезқазған қаласының білім бөліміне қарасты үш нысанды жөндеуден өткізуге «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы аясында 206 млн.030 мың теңге қарастырылып отыр. Бұл қаражат №14 «Балдырған» балабақшасының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге, Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің кәріз жүйелерін жаңартуға және №4 орта мектебінің қоршауын ауыстыруға жұмсалады.




►►3-бетте

SARYARQA-АҚПАРАТ

## «5-10-20» ЖОБАСЫМЕН КІМДЕР ПӘТЕР АЛА АЛАДЫ?

**Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа бағыты ретінде «5-10-20» пилоттық жобасын іске қосады.**



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа бағытын әзірлеуді бастап кетті.

Жаңа пилоттық жоба 5-10-20 шарты бойынша тұрғын үй сатып алу үшін азаматтарды несиелендіруді қарастырады:

- несие мөлшерлемесі 5%;
- бастапқы жарна 10%-дан бастап;
- несиелендіру мерзімі – 20 жылға дейін.

«5-10-20» пилоттық жобасына тұрғын үйге мұқтаж ретінде жергілікті атқарушы органдарда есепте тұрған азаматтар қатыса алады.

## ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЛАРЫНА ТАЛАП КҮШЕЙТІЛДІ

**Ұялы байланыс операторларына төлем толық бір күнтізбелік айға жасалатын тарифтік жоспар құру міндеттелді.**

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұялы байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын өзгертті. Енді мобильді операторлар абоненттерге өзге тарифтік жоспарлармен қатар, төлем бір күнтізбелік айға жасалатын тарифтік жоспарды да ұсынуы тиіс.

Өзгертулердің арқасында абоненттер тарифтік жоспарлардың ішінен өзіне қажетін таңдай отырып, оны толық бір ай пайдалана алады.

Мысалы, егер абонент тарифтік жоспарға айдың соңғы күні қосылса оның жеке шотынан байланыс қызметі үшін төлем келесі айдың соңғы күні шегеріледі.

Сонымен қатар, аталған тарифтік жоспардағы қызметтер көлемі аяқталғаннан кейін оператор абоненттің келісімінсіз қызметтің қосымша көлемі үшін ақы ала алмайды.

Мұнымен қоса, ережеге «базалық тарифтік жоспар» ұғымы енгізілді. Бұл тариф абоненттік төлемді талап етпейді, тек нақты пайдаланған минут немесе SMS санына ғана төлем жасай отырып, қоңырау шалуға және SMS жіберуге мүмкіндік береді.

«Базалық тарифтік жоспар» абонент нөмірді басқа ұялы байланыс операторының желісіне ауыстырғанда (MNP қызметі), жаңа тарифтік жоспарды таңдап үлгермегенде, сондай-ақ қолданыстағы тарифтік жоспар әрекет етуін тоқтатқан жағдайда қосылады.

Бұған дейін ұялы байланыс операторы абонентте қандай да бір тарифтік жоспар болмаса, оны өздері абоненттің келісімінсіз кез-келген тарифтік жоспарға қоса алатын.

Байланыс операторлары «базалық тарифтік жоспарға» өзгерісті жылына бір рет қана енгізе алады жәнебұл туралы ол абонентті нақты өзгерістерге дейін күнтізбелік отыз күн бұрын хабардар етуге міндетті.

## ҚАЗАҚСТАНДА ТУРАГЕНТТІКТЕР САНЫ ҚЫСҚАРУЫ МҮМКІН

**Қазақстанда турагенттіктер саны қысқаруы мүмкін. Бұл туралы ҚР туристік қауымдастығының директоры Рашида Шайкенова онлайн брифинг барысында айтты.**

«Туризм нарығы 100 пайыз тоқтап тұр. Ол қаңтар айының екінші жартысынан бастап жұмыс істемейді, өйткені коронавирус инфекциясы осы кезден бастап таралды, карантиндік шаралар енгізілді, рейстер жабылды және т.б. Туризм саласы қаражатты 100% жоғалтты деп айта аламыз. Сондықтан туризм нарығы қиын жағдайға тап болып отыр», – деді Рашида Шайкенова.

Оның айтуынша, елдегі турагенттіктер саны қысқаруы әбден мүмкін.

«Туристік индустрияның ең сезімтал бөлігі – турагенттіктер. Үлкен қысымға ұшыраған да осы компаниялар. Біздің ойымызша, олар жабылып, саны қысқарады. Өйткені жағдай күрделі», – деп қосты ол.

Бұған дейін, Қазақстан туристік қауымдастығы Алакөлмен шипажай курортты орындарға туристер ағыны артатынын болжады.

## ТРАКТОР мен КОМБАЙНДЫ БАСТАПҚЫ ЖАРНАСЫЗ АЛУҒА БОЛАДЫ

**Отандық тракторлар мен комбайндарды лизингке бастапқы жарнасыз ұсыну туралы бұйрық қабылданды, деп хабарлайды Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.**

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде трактор мен комбайнды жаңартуды қаржыландыру бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды қаржы-экономикалық негіздеудің кейбір мәселелері туралы бұйрыққа қол қойды.

Осы бұйрық шеңберінде «ҚДБ-Лизинг» АҚ осы жылдың соңына дейін атаулы мөлшерлемесі 6% және лизингке бастапқы жарнасыз отандық тракторлар мен комбайндарды ұсынады.

Қазіргі уақытта аталмыш бағдарламаға келесі техникалар кіреді:

• «Lovol» («Агромашхолдинг KZ» АҚ), «Versatile» («Қазақстан Агро Инновациялық Корпорациясы» ЖШС), «Беларус» («СемАз» ЖШС, «Композит Групп Казахстан» ЖШС және «Қазақстан Агро инновациялық корпорациясы «ЖШС) және «Кировец» («Қостанай трактор зауыты» ЖШС») тракторлары;

• «Essil» («Агромашхолдинг KZ» АҚ), «Acros» («Қазақстан Агро инновациялық корпорациясы» ЖШС, «Kazrost Engineering Ltd» ЖК), «VECTOR 410 KZ» («Kazrost Engineering Ltd»ЖК) комбайндары.

# «ҚИЫНДЫҚТЫ БІРГЕ ЕҢСЕРЕМІЗ»

***Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел алдында тұрған еңселі міндеттерді айқындап берді***

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Мемлекет олардан салық алмайды, мұндай шаруашылықтарда жұмыс істейтіндер әлеуметтік жағынан қорғалмаған. Осы ретте Президент Үкіметке «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, ауылдағы кооперациялық желіні дамыту үшін «Егіс алқабынан – дүкен сөресіне дейін» атты қанатқақты жобаны бірнеше өңірде бастауды тапсырды. Содан кейін оның ауқымын кеңейтіп, 2021 жылдың ортасына қарай толыққанды бағдарлама әзірленбек. Осы бағдарламаны жүзеге асыру кезінде «ҚазАгро» арқылы жылдық мөлшерлемесі 6 пайыз болатын жеңілдетілген шағын несие беріледі. Мұнда «Даму» қорының кепілдік беру тәсілдерін пайдаланған жөн.



Сондай-ақ, тұрақты сатып алу және сату жүйесін қалпына келтіру




стандартты өнімдерін пайдалану үшін қатаң шектеу қойылып отыр. Осыған байланысты «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында шағын бизнес үшін арнайы шаралар қарастыруды тапсырамын. Үкімет пен «Атамекен» ҰКП бұған бөлінетін қаражат көлемін айқындауға тиіс. Банктер мен басқа да қаржы ұйымдары бірқатар салаға қатысты несиені қайтару мерзімін шегерді. Жеңілдік берілген мұндай салалардың тізімі кеңейтіледі. Бұл – бизнесті қолдаудың тағы бір нақты шарасы. Бұған сауда, өңдеу өнеркәсібі, көлік және қойма, қонақүй және тамақтану, ақпарат және байланыс, білім және денсаулық сақтау салалары енгізілуге тиіс. Өңдеу өнеркәсібіне басымдық бере отырып, экономиканы әртараптандыру әрдайым негізгі міндетіміз болады. Бұл сектордағы ұзақ мерзімге арналған жобаларды керек. Жобаға қатысушыларды оқыту және олардың аграрлық саладағы құзыретін арттыру ісін де қолға алу қажет. Мұның бәрі 2 миллионға жуық ауыл тұрғынының табысын көбейтуге, отандық ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жүктемесін 53 пайыздан 70 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

– Екіншіден, біз «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыруға 1 триллион теңгеге жуық қаржы бөліп отырмыз. Бұл – қомақты қаражат. Оны шағын бизнесті несиелеуге де пайдалануға болады. Соның бәрі құзырлы орындардың бақылауында болып, толығымен мақсатқа сай жұмсалуға тиіс. Осы күрделі кезеңде қаржыландырылып жатқан жобалар арқылы ең алдымен жаңа жұмыс орындарын ашу қажет. Бұған жұмысшыларды барынша көптеп тарту керек. Үнемі экономикалық табыс әкелетін немесе адам капиталын дамытатын бастамалар қолға алынуы қажет. Осыған орай мектеп, аурухана және басқа да нысандар салынып, жаңғырту жұмыстары жүргізілуге тиіс. Біркелкі нысандардың әр аймақтағы құны өте алшақ болуына жол бермеу аса маңызды. Өкінішке қарай мұндай жағдай бізде көп кездеседі. Жүзеге асқан жобалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне талдау жасалады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент, үшіншіден, экономиканы дамытудың, жұмыспен қамтуды күшейтудің және әлеуметтік қолдаудың факторы ретінде қолжетімді тұрғын үй салу мәселесіне мән берді. Бұл ретте ол Елбасының бастамасымен қолға алынған «7-20-25» бағдарламасы ипотекалық несиелендіруге және тұрғын үй құрылысына үлкен серпін бергенін атап өтті.

### *Тұрғын үй несиесі: 5-10-20*

– Кезекте тұрған азаматтардың мәселесін шешу үшін тұрғын үй несиесімен қамтамасыз ету арналған «5-10-20» жаңа жобасын іске асыруды тапсырамын. Осыған орай дағдарысқа қарсы бөлінген қаражат есебінен 390 миллиард теңге бөлеміз. Биыл елімізде бұрын-соңды болмаған көлемде тұрғын үй салынады. Атап айтқанда, 15 миллион шаршы метр немесе 150 мың пәтер. Азаматтарымыздың тұрғын үй жағдайын жақсарту – маңызды мәселе. Шын мәнінде, бұл – Үкімет жұмысындағы стратегиялық басымдығы бар бағыттардың бірі. Сол үшін институционалдық құрылымды жаңғырту керек. Үкімет жыл соңына дейін «Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі» акционерлік қоғамы негізінде толыққанды даму және қолдау көрсету бағытындағы «Отбасы банкін» құруға тиіс. Бұл құрылым тұрғын үй есебін, кезекке қою және үй беру тәртібін бір орталықтан жүзеге асыратын болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған қоса Мемлекет басшысы азаматтарға зейнетақы жинағының бір бөлігін баспана алу үшін пайдалану жөніндегі тапсырмасын 1 шілдеге дейін аяқтауды жүктеді.

### *Салық төлеудегі әлеуметтік әділдік*

Төртіншіден, Президент тарапынан әлеуметтік әділдік үшін жалақы мен басқа да кіріс түрлеріне қатысты жеке кіріс салығының үдемелі өлшемін енгізу мәселесін пысықтау керек екені назарға алынды. Мұндағы мақсат – еңбекақы төлеудің мейлінше кең тараған әрі жасырын тәсілін «көлеңкеден» шығару. Егер тиісті салық мөлшері қысқаратын болса, жалақыны жасырын төлеудің қажеттілігі болмайды. Халықтың табысы төмендеген қазіргідей жағдайда тұтынушыларға несие беру нарығына мониторинг жүргізуді жалғастыру




маңызды. Бұл азаматтардың қарызға белшесінен батуына жол бермеу үшін керек.

– Жаңа әлеуметтік төлемге қол жеткізу үшін Бірыңғай жиынтық төлем талап етілді. Аталған әлеуметтік көмекті алған азаматтардың 40 пайыздан астамы Бірыңғай жиынтық төлемді алғаш рет төледі. Бұлар – шын мәнінде, мемлекеттік көмекке мұқтаж жандар. Оларды экономикаға барынша тарту қажет. Осы азаматтардың өзімен-өзі қалып, қайтадан «көлеңкеге» кетуіне жол бермеу керек. Қиын-қыстау кезеңде мемлекеттік қолдауға, әлеуметтік көмекке, лайықты зейнетақыға, ең алдымен, заңды жұмыс істеп, салық төлегендер ғана қол жеткізе алады. Сондықтан уақытша жұмыссыз қалғандармен қатар осындай азаматтар да Үкімет пен әкімдердің ұдайы назарында болуы керек. Нарықтық экономика жағдайында кез келген адам жұмысынан уақытша айырылып қалуы мүмкін. Осыған орай Үкімет еңбек биржасына тіркеуді барынша жеңілдетуі қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

### *Ұлттық бизнесті дамытудың ұтымды жолдары*

Отырыста жария болған бесінші басымдық – ұлттық бизнесті қолдау. Мемлекет басшысының айтуынша, сұраныс көлемі азайып, активтер мен кепілдегі мүліктің нарықтық құны төмендеген жағдайда «Даму» қорының несиені кепілдендіру мүмкіндігін пайдалану аса маңызды. Қордың кепілдігі Ұлттық банктің айналымдағы қаражатты несиелеу бағдарламасы арқылы берілетін займдарды қамтиды. Оның мөлшері – 600 миллиард теңге. Қажет болған жағдайда мұның көлемі ұлғая түспек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі экономиканы несиелеу көлемін арттыру үшін пруденциялық шектеулерді қысқарту және өтімділікке қысым көрсетуді азайту шараларын қабылдады. Бұл банк секторында шамамен 600 миллиард теңгені үнемдеуге мүмкіндік берді. Аталған қаражат ел экономикасын дамыту үшін жұмсалуға тиіс. Уақытша пруденциялық қосымша шаралар әзірлеу керек. Сол арқылы банктердің экономиканы несиелендіру мүмкіндігін арттырамыз.

– Микро және шағын кәсіпкерлік саласына да ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл сала өкілдеріне банктердің жүзеге асыру үшін Қазақстанның даму банкіне қосымша қаржы бөлу қажет. Сонымен қатар өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері бойынша жиналған қаражат есебінен Өнеркәсіпті дамыту қорын құруға болады. Оның жұмысы бизнесті қолжетімді несиемен қамтамасыз етуге бағытталады. Мұндай несие өңдеу ісімен айналысатын болашағы зор кәсіпорындарға 3 пайыздан аспайтын мөлшерлеме бойынша беріледі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев, алтыншыдан, шетел капиталы үшін бәсекелестік артқан кезде әрбір қаржыгермен тікелей жұмыс істеуге баса мән беру қажет екенін алға тартты. Бұл ретте инвестиция тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін тиімді пайдалану бағыты назарға алынды.

– Бұл мемлекеттік активтерді жекешелендіру барысында аса маңызды болмақ. Сонымен қатар бизнестегі даудамайлар кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының арбитражын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Ұлттық компанияларымызға тиесілі жекелеген құрылымдарды шетелдік заңнаманың аясынан «Астана» халықаралық қаржы орталығының құзырына біртіндеп көшіруді бастаған жөн. Егер өз компанияларымыз басқа ел заңнамасының құзырында болуды қалап жатса, шетелдік инвесторлардың сеніміне ие бола алмаймыз. Үкімет, Сыртқы істер министрлігі және шетелдердегі өкілдіктер «Астана» халықаралық қаржы орталығының инвестициялық салықтық резиденттігі жөніндегі бағдарламасын насихаттауға күш жұмылдыруы қажет. Орталық әкімшілігі 2025 жылға дейінгі жаңа стратегияны әзірлеуде, – деді Мемлекет басшысы.

Жетіншіден, Президент кәсіпорындардың бәрін және барлық жұмыс орнын сақтау қиын екенін атап өтті. Оның айтуынша, әрбір бизнестің тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл – бүкіл әлемге тән жағдай. Сондықтан төтенше жағдай режимінің енгізілуі одан көбірек зардап шеккен экономика секторлары үшін форс-мажор болғанын заң жүзінде мойындау керек. Бұл ретте жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес өкілдері сотқа жүгінген кезде төтенше жағдай режимі форс-мажор ретінде мойындалуға тиіс.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы осы күрделі кезеңде жекеменшік пен бәсекелестікті қорғау аса маңызды екенін айтып, биылғы 1 қазанға дейін заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты банкроттық рәсімдерді бастауды тоқтата тұруды тапсырды. Бұл алаяқ кредиторлардың қысым жасауына жол бермеу үшін керек.

### *Тұралаған активтердің өркениетті нарығын құру – жүйелі шешім*

– Келесі мәселе. Осыған дейінгі дағдарыстардың салдарынан банктердің балансында экономикалық айналымнан шығып қалған активтер саны көбейді. Банктер тұралап қалған активтерді сату үшін нақты жоспар әзірлеп, соған жауапты қызметкерлердің жұмысын бақылауды және бағалауды күшейтуі керек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қатердің алдын алуға бағытталған қадағалау шарасы арқылы банктердің қиындыққа тап болған активтерге қатысты жұмысына мониторинг жүргізуді және бақылауды күшейту қажет. Тұралап қалған активтердің өркениетті нарығын құру – жүйелі шешім. Секьюритизация мен сақтандырудың қарапайым әрі оңтайлы тетігін қалыптастыру керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азаматтарды қолдау мен бизнесті дамытуға арналған осы және басқа да шараларды жүзеге асыру үшін экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп жатқанын, ол жоспар жуық арада бекітілетінін мәлімдеді.

### *Жаңа талапқа сай жүйе керек*

Президент өз сөзінде жаңа талаптарға жауап беретін денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы түбегейлі өзгерістерге ерекше назар аударды. Ол халық арасына жұқпалы аурудың таралуын бақылау, телемедицинаны және қашықтан диагностика жасау жүйесін енгізу әдістерін әзірлеу; Ұлттық санитарлық-эпидемиялық қызметті барынша күшейту, беделді ғалымдар мен сарапшыларды жұмылдырып, Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі кеңес құру сияқты мәселелерді атап өтті.

Бұған қоса білім беру ісін оңтайлы ету назарға алынып, барлық оқу орындарында цифрландыру жұмыстарын аяқтау тапсырылды.

Сондай-ақ, мемлекеттік басқару жүйесін жаңарту маңызды бағыт болып белгіленді.

– Орныққан жұмыс тәсілі ретінде Үкіметтің, министрліктердің, әкімдіктердің түрлі жиындарын қашықтан өткізуді ұсынамын. Қажетсіз рәсімдерді, келісімдер мен кеңестерді, уақыт пен қаражатты шығындайтын басқа да шараларды жою керек. Бұл тәжірибе ескірді. Электронды үкімет тұжырымдамасының мәнін қайта қарау қажет. Кеңес алу, анықтама алу, өтініш беру жөніндегі рәсімдер онлайн режиміне толық көшірілді. Ал «egov» жүйесінің тілін халық үшін қарапайым әрі түсінікті ету қажет, – деді Президент.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан облысындағы төтенше жағдайдың салдарын жою мәселесіне де тоқталды. 1 мамыр күні Өзбекстандағы Сардоба су қоймасы бөгеті бұзылып, одан пайда болған су тасқынының зияны біздің өңірге де тиді. Техногенді сипаттағы бұл төтенше жағдайдың салдарынан Мақтаарал ауданына қарасты 5 ауылдың 1 мыңнан аса тұрғын үйін су басып қалды. Сондай-ақ 9 елді мекенді су басу қаупі туындады.

– Шұғыл қабылданған шаралардың арқасында су тасқынының әрі қарай таралуына жол бермедік. Қазір су тасқынының зардаптарын жою, тазалау жұмыстары жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен тұрғындардың дүние-мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету – басты назарда. Біз ауданның күнделікті тіршілігін қайта қалпына келтіру үшін қажетті шаралар қабылдаймыз. Жалпы күзге дейін қираған үйлердің орнына жаңа тұрғын үйлер салынады. Зардап шеккен әрбір адамға 100 мың теңге көлемінде өтемақы төленеді. Мал шығыны, тасқынның ауыл шаруашылығы алқаптарына тигізген зияны өтеледі. Зардап шеккен ауданға көмектесіп жатқан азаматтардың бәріне ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңына қарай халқымыздың бекем бірлігі бәрімізге күш-қуат беретінін, кез келген міндетті орындауға мүмкіндігіміз жететінін айтып, бұл қиындықты да еңсеретінімізге сенім білдірді.

*«Egemen Qazaqstan»*

**Қала әкімі Қайрат Бегімов Жеңіс күні қарсаңында Жезқазғанда тұратын төрт соғыс ардагері Иван Артеменко, Нина Виноградова, Александр Гусак пен Алексей Миненконы құттықтап, сый-сияпат жасады.**

# ӘКІМ АРДАГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қала әкімі, қалалық мәслихат хатшысы, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық қорғаныс істері басқармасы мен басқа да мемлекеттік мекемелер басшылары бастаған топ алдымен Ұлы Отан соғысының ардагері Нина Виноградованың шаңырағына атбасын тіреді. Ардагерге Мемлекет басшысының құттықтауын жеткізіп, «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары мен облыс әкімінің алғыс хатын, мерекелік сый-сияпат табыстаған Қайрат Баяндыұлы ардагерлерге көмек ретінде мереке қарсаңында 1 миллион теңге көлемінде жәрдемақы аударылғанын тілге тиек етті.



Фашистік Германия Кеңес одағына кенеттен шабуылдаған 1941 жылы Нина Виноградованың жасы небәрі он сегізде еді. Алайда, жастығына қарамастан өжет қыз майданға медбибі болып алынды. Ерлік жолын туған жері Луканскіден бастаған ол от пен оқтың ортасында жүріп, жаралы сарбаздардың жанынан табылды. Сержант шеніндегі медбибі кейін Киев, Харковь, Бухарест, Прага, Варшава, Будапешт сынды ірі фронттарда батылдық көрсетті. Өмірінің бес жылын соғыста өткізген Нина Степановна майданда батольон командирі Константин Виноградовпен көңіл жарастырып, шаңырақ көтереді. Екеуі де соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. 1953 жылы қазақ жерінен пана іздеп келген ардагерлер отбасы Жезқазғанға тұрақтады. Отағасы мыс қорыту заводына, Нина Степановна ауруханаға жұмысқа кіреді. Кейінірек Жезқазған кен-металлургия комбинатында еңбек еткен батыр қыз қазір жезқазғандықтардың еркесіне айналды. Жылда 9 мамырды аяғынан тік тұрып қарсы алатын Нина Виноградованың омырауында «1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медальдерімен қатар «КСРО санитарлық қорғанысының үздігі» белгісі мен көптеген мерекелік медальдар жарқырайды.



Әкім құттықтап барған ардагер Иван Кузьмич Артеменко 1926 жылғы 20 мамырда Алматы облысының Сарканд ауданына қарасты Покатиловка селосында туды. Соғысқа дейін Талдықорған облысы Антоновка селосында жұмыс істеген ол 1943 жылы майданға алынды. Ленинград майданында және Прибалтикада шекара әскері құрамында аға сержант шенінде бөлімше командирі болып соғысқа қатысты. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалімен және мерекелік медальдармен марапатталған Иван Кузьмич 1953 жылы елге оралды. Ал, 1975 жылдан бері Жезқазған қаласында орнықты. Жезқазған байыту фабрикасында еңбек еткен ардақты ардагер бүгінде төрт баласынан өрбіген немере-шөберелерінің ортасында Ұлы Жеңістің 75-ші көктемін қарсы алып отыр.



Ардагер Александр Тимо-феевич Гусактың есімі де жезқазғандықтарға жақсы таныс. Ол да – Украинаның тумасы. Он сегіз жасында майдан даласына аттанған жауынгер соғыс зардабының ауыр болғанын және әлі күнге дейін бәрі оның есінде екенін ұрпағына айтып отыр. Прага мен Польшада атқыштар полкінде ерлік көрсеткен Александр Тимофеевич оққа ұшып жараланған да. Тіпті Волгоград тұсындағы шайқаста жаудың қолына түсіп, біраз қиындықты бастан кешірген. Соғыс аяқталып, АҚШ әскерінің көмегімен тұтқыннан босаған Александр Гусак Қазақстанға қоныстанып, Жезқазған қаласының өркендеуіне үлес қосқан. Оның есімі қаладағы тұрғын-үй мен ғимараттарды көтерген алғашқы құрылысшылармен қатар аталады. Ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуковтың және басқа да мерекелік медальдармен марапатталған.



Жеңістің 75 жылдығына дін аман жеткен майдангер Алексей Михайлович Миненко 1923 жылы Ақмола облысы Атбасар ауданының Самарка ауылында дүниеге келген. Соғысқа 1942 жылы туған ауылынан аттаныпты. Бірден жаяу әскер қатарына алынған ол Калинин түбіндегі шайқасқа қатысты. Ауылдан шыққан, соғысудың қыр-сырын білмейтін өрімдей жас сол ұрыста жарақат алып, Каменск қаласындағы госпитальға түсті. Емделіп шыққаннан кейін Великие Луки қаласы түбінде, Новосокольники майдандарында шайқасты. Көп ұзамай олар Смоленск түбіндегі соғысқа араласты. Алексей Миненко ең алғашқы наградасын 1943 жылдың наурызында, Новгородты жаудан азат еткеннен кейін алыпты. 1944 жылы Ленинград үшін ұзақ уақыт соғысқан майдангер Норвегия мен Белоруссияны жаудан аман алып қалуға атсалысқан көптің бірі. Алексей Миненко қызмет еткен дивизия 1945 жылы сәуір айының соңында Германияға да жетті. Штецен қаласынан Одерге, одан Берлинге шықты. Соғыстан кейін Алексей Миненко тағы төрт жыл Германиямен шекарада қызмет етіп, туған ауылына 1949 жылы оралды. 1952 жылы отбасымен бірге жаңадан бой көтеріп жатқан Жезқазғанды бетке алған ол «Спецстрой» тресінде шофер, Жезқазған байыту фабрикасында слесарь болып жұмыс істеді. Майдан даласындағы ерлігі лайықты бағасын алып, Алексей Миненко 1 дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуковтің, сонымен қатар, бірнеше мерекелік медальдармен наградталған.

Мерекемен құттықтай келген қала басшыларына майдангерлер де ризашылықтарын білдіріп, қиынқыстау кезеңде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қомақты қолдау үшін алғыстарын айтты.

**Өз тілшіміз.**

ПРОКУРАТУРА ЕСКЕРТЕДІ

# АЛАЯҚТАР АЗАЙМАЙ ТҰР

**Қазіргі таңда меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде кең таралған қылмыстардың бірі – алаяқтық. Қылмыстық кодекстің 190-бабына сәйкес алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау, сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену.**

Аталған қылмыс түрінің негізгі мақсаты – бөтен адамның меншігіндегі мүлікті заңға қайшы әрекеттерді жүзеге асыру арқылы иемдену. Алаяқтық көрсетілген екі тәсілдің біреуімен: алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы жасалады. Күннен күнге қарастырылып отырған қылмыс түрінің тіркелуі өсуде.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Жезқазған аумағы бойынша 2020 жылдың 4 айында 48 алаяқтық фактілері тіркелген.

Соның ішінде көп таралған түрлері:

1) жалған құжаттарды немесе азаматтардың сенімін теріс пайдалану арқылы несие алу. Көп жағдайларда алаяқ адамдар біраз уақыт бойы жәбірленушілердің сеніміне кіріп, мүшкіл жағдайын сілтей отырып жәбірленушіні өзінің атына несие алуды сұрайды.Несиеге алынған ақша қаражаттары кейін ауызша не жазбаша түрде қарыз ретінде сұраған адамға беріледі. Мұндай тәсілмен жасалған алаяқтық қылмысының мақсаты – бөтеннің ақшасын иемдену және келешекте жәбірленуші құқық қорғау органдарына арызданғанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауапкершіліктен босай отырып, орын алған құқық бұзушылықты азаматтық тәртіпте туындаған дау ретінде шешу.

2) жеңілдік жасауды сылтау ете отырып нарықтық құнынан төмен бағамен пәтер алып беруге уәде беру. Алаяқтар пәтерге мұқтаж адамдарды іздестіре отырып, олардың жай-күйін пайдалану арқылы төмен бағамен үй-жай алып беруге сөз береді. Көп жағдайда алдап отырған адамдар қала әкімдігінде таныс адамдардың бар болуын уәждейді.

3) ғаламторда жарнамаланған жалған қызмет көрсету және заттардың саудасы арқылы бөтеннің ақша қаражатын иемденіп алу. Әдетте, әлеуметтік желілерде алданып отырған адамдардың сенімін ақтау үшін бөтен адамдардың төлқұжаттары және тауар туралы мәліметтер көрсетіледі және есепшотқа белгілі бір соманы аудару ұсынылады.

Осындай қылмыстардың кең етек жаюына алаяқтық құрбаны болған адамдардың жеңіл табыс көзіне алдануы, олардың сенгіштігі өз септігін тигізуде. Көбінесе жасы келген адамдар осындай қылмыстардың құрбаны болып жатады.

Жезқазған қаласының прокуратурасы жоғарыдағыларды баяндай келе азаматтардың назарын алаяқтықтан сақ болуға және олардың алдын алуына аударады.

Қылмыс белгілерін байқаған жағдайда төмендегідей сақтық шараларын орындауды ұсынамыз. Ең алдымен ақша қаражатын сұрап отырған тұлғаның жеке басын анықтау қажет. Оның тұрғылықты мекен-жайы туралы ақпаратты сұрау, жеке басын куәландыратын құжаттарды қарап тексеру және т.б. Істің мән-жайы анықталғанша дейін ақша қаражатын бермеген жөн. Орын алған жағдай бойынша күмән туындаған кезде дереу құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.

**Ш. КАНАЯТОВА,**
**Жезқазған қаласы прокуратурасының прокуроры**

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНА ОРАЙ

# АУЫЛҒА КӨҢІЛ БӨЛСЕК...

**Дүние жүзін дүрбелеңге салған мына індет Қазақстанның да экономикасына ауыр соққысын тигізетіні айдан анық. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы халықаралық пандемия уақытында халыққа мейлінше көңіл бөліп, шама келгенше көмектесуге шақырды. Мемлекеттің көмегі өзінің бағдары жоспарымен іске асырылар, бірақ оған қолдау жасап, көмек беру баршамыздың міндетіміз. Бұл індет ауыздықталар, дегенмен оған дейін біз бір адамдай жұмылып, экономикамызды қалай жандандыру жолдарын ұсынуымыз керек шығар.**

Бастысы – жаңа жұмыс орындарын ашу, оны дамыту жолдарын анықтау. Карантиннің көктем уақытына келуінің өзі ауыл шаруашылығымен айналысқан шаруаларға кесірін тигізіп жатқаны айтпаса да түсінікті. Мына біздің екі қаламыздың жанындағы Талап пен Кеңгір ауылының тұрғындары өздерінің өнімдерін қалаға әкеліп күндерін көріп жүрген. Егін салатындар керек жабдықтарын базардан алып, шаруаларын дөңгелетіп отырған. Қазіргі уақытта олардың жағдайы қалай, оларға кім қамқорлық жасап, кім оларға қол ұшын беріп отыр? Әрине сұрақ көп, жауап аз. Дегенмен, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, біздер осы қиындықтан шығатын жолдарды алға тартсақ, билікпен бірігіп шешу жолдарын қарастырсақ деген пікір бар. Меніңше осы ауылдардың тұрғындарының өнімдерін қаладан арнайы барып алып әкету жолға қойылуы қажет.

Бұл екі елді мекен кезінде екі қалаға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін ашылған болатын. Халқының басым көпшілігі сол баяғы әке-шешелерінің кәсіптерін жалғастыруда, бірақ үкіметтен дұрыс қолдау көріп отыр деп және айта алмаймыз. Шамалы қолдау болса, екеуінің маңайында су көздері де бар, егін шаруашылығын дамытуға әбден қолайлы, ал кішігірім сүт өнімдерін өңдейтін шағын кәсіпорын ашса, нұр үстіне нұр болар еді.

Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының маңайында екі су қоймасы бар, олар экологиялық тұрғыда үлкен сұрақ туғызатын орындар. Солардың маңайына, мысалы, сыпырғыш егетін, оны өңдейтін кәсіпорын неге ашпасқа. Сол сыпырғышты біз ту Қырғызстан мен Өзбекстаннан тасып жатырмыз ғой. Бұның өзі жаңа жұмыс орындарын ашудың бір көзі емес пе!? Ал енді жұмыссыздық салдарынан ауыл тұрғындарының көпшілігі бүгінгі таңда жалғыз біздің өңірде ғана емес, бүкіл еліміздің үлкен қалаларының төңірегіндегі саяжайларды паналап жүргені ащы болса да шындық. Олардың көбі үш-төрт бас малын бағып, күндерін көріп жүр. Ауылды жерден қашып қаланың маңайына шамалы малымен келулеріне басты себеп ауылдағы күнкөрістің қиындауы, әрине. Егер де жоғарыда айтылғандай екі-үш ауылдың арасына кіші-гірім сүт өнімдерін өңдейтін зауыт, ет комбинаттары ашылса, көптеген ауылдардың күн көрісі әлдеқайда жақсарар еді де, жұмыссыздық та азаяр еді.

Осы тұрғыда мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың кешегі соңғы сөзіндегі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді жандандыру, жеке қосалқы шаруашылықты қолдау тетіктерін қарастыру жөніндегі бастамасы көңілдегі күмәнді сейілтіп, сенімді күшейткендей болды. Соңғы жылдары ауылшаруашылығы саласына қаржы бөлінбей жатқан жоқ. Жыл сайын субсидия, дотация, түрлі кредиттер түріндегі ол қолдау шараларының көлемі де артып отыр. Бірақ, солар ауылға пайда болып отыр ма? Ауылды гүлдендіруде ол қаржы тиімді жұмсалып жатыр ма? Жемқорлық схемалармен жұтылып кетіп жатқан жоқ па? Міне, ендігі міндет қоғам болып, осы салада ашықтықты қамтамасыз ету және ауылшаруашылығын қолдаудың нақты тетіктерін белгілеп, жүзеге асыру.

**Мұрат ҚАЗАМБАЕВ,**
**Жезқазған, Сәтбаев қалаларының, Ұлытау өңірінің ақсақалдар кеңесінің төрағасы**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# *Жеңіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ:* БІРАЗ НЫСАН ЖАҢАРАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Бүгінде жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстарды жүзеге асырушы мердігер компаниялар анықталды. «Балдырған» балабақшасының ғимаратын жаңа кейіпке енгізетін мердігер жезқазғандық «Құрылыс» ЖК-да 42 жұмыскер жұмылдырылған. Оның ішінде 21 жұмыскер жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрғандардың есебінен алынған. Мектеп-лицейдің кәріз жүйесін ауыстыру «Құрылыс» ЖК-ға бұйырған. Ал, №4 орта мектептің қоршауын жаңартатын «ГИМАТС-транс» ЖШС алты жұмыскерінің үшеуі жұмыссыз тұрғындар арасынан қабылданады. Жоғарыда аталған білім беру нысандарындағы күрделі жөндеулер мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының рұқсатын алғаннан кейін, 2020 жылдың маусым айында басталады деп жоспарланды. Жүзеге асырылу мерзімі – 3ай.

***– Мемлекеттік бағдарламадан бөлек биыл тағы қандай жезқазғандық мектептер мен балабақшалар жөнделеді деп жоспарлаудасыздар?***

– 2020 жылы облыстық бюджет трансферті есебінен №21,26 мектептердің ғимараттары күрделі жөндеуден өтеді. Жергілікті бюджет есебінен 2019 жылы Кеңгір ауылындағы №2 және қаладағы №3 орта мектептердің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу жұмыстары басталған-ды. Сонымен қатар, №№13, 14 жалпы білім беретін орта мектептердің терезелері мен шатырын ауыстырып, №2 мектептің жылу жүйесін күрделі жөндеуден өткізу қолға алынған еді. Биыл бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылады. Сонымен қатар, №4 мектептің терезелері мен №8 гимназияның қоршауы жөнделіп, ауыстырылады. Ал, мектепке дейінгі тәрбие беру нысандарына тоқталар болсақ, үстіміздегі жылы балабақшаларда кезең-кезеңімен жыл сайын жүргізіліп келе жатқан күрделі жөндеу жұмыстары межеленбек. Маусым айында №9, 12, 15 балабақшаларының терезелері мен шатырлары, №2,3,11 балабақшаларының шатырлары және №5 балабақшасының терезелері толықтай жаңартылады. Жезқазған қаласының даму жоспарына сәйкес білім ұйымдарында жөндеу жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі.

***– 2020-2021 оқу жылына дайындық басталып кеткен болар. Оның ішінде білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Бұл бағыт қандай жоба-жоспарларыңыз бар?***

– Жалпы мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын жақсарту күн тәртібінен түспейтін мәселе. Күні бүгінге дейін атқарылған кешенді жұмыстардың нәтижесінде біздегі ахуал айтарлықтай жақсы. 2017-2020 жылдар аралығында жергілікті бюджет қаражатының есебінен барлық мектептерді компьютермен қамтамасыз ету мақсатында барлығы 1939 дана компьютер сатып алынды. 2020 жылы балабақшаларға назар аударылып, олар 42 компьютермен жабдықталды. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қала мектептерінің барлығында физика, химия, биология, информатика, технология кабинеттері, сонымен қатар алты алғашқы әскери дайындық кабинеті бар. Биыл 11 бастауыш сынып кабинетін сатып алуға қаражат бөлінді. Цифрландыру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2017-2019 жылдары 18 робототехника кабинеті мен 12 IT-сыныбы ашылды. Нәтижесінде бүгінгі жас ұрпақ мектеп қабырғасында техника тілін меңгеріп қана қоймай, заман талабына сай мамандықтарды игерудің маңызын түсінуде.



Өткен жылы қала мектептеріне 979 жиынтық мектеп партасы мен 109 тақта берілді және 1-4 сынып оқушыларын толық қамтыған төрт секциялы шкафтар сатып алынды. 2019 жылы мектеп асханаларының үстел, орындықтары толығымен жаңартылды және 6 мектеп асханасы арнайы құрал жабдықтармен қамтылды. 2020 жылы өзге мектептердің асханаларына қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға қаржы бөлініп отыр. Сонымен бірге, биыл қоқыс жәшіктеріне, спорт тауарларына, барлық мектептерге берілетін интерактивтік тақтаға (панель*65), №3 орта және №6 Теректі мектептеріне робототехника құрылғысын алуға және №3, 21 мектептерге инклюзивтік білім беруге арналған құрылғылар сатып алуға да қаражат бөлінді. Білім ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту білім бөлімінің қатаң бақылауында.

***– Жеңіс Едігеұлы, уақыт тауып, сұрақтарымызға нақты жауап бергеніңізге рақмет!***

**Диана ОРАЗАЛИНА**



# МОЛ МҮМКІНДІК

**Жезқазған қаласы жұмыспен қамту орталығының басшысы Абай Әзімбаев бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде Жезқазған қаласында атқарылатын жұмыстармен таныстырды.**

Биыл аталмыш мемлекеттік бағдарлама аясында қаламызда 40 инфрақұрылымды жоба іске асырылмақ. Нәтижесінде 550 тұрғын екі қолға бір күрек тауып, еңбек етуге мүмкіндік алады. Бүгіннің өзінде орталық 14 мекемемен байланыс орнатып, 45 адамды жұмыспен қамтыған. Қазіргі кезде Холмецкий көшесіндегі автокөлік жолын, ЖЭО-нан Қорғанбай елді-мекеніне дейінгі жолды жөндеуге, № 3 Білім-инновация лицейі мен 14 «Балдырған» балабақшасы, № 7 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-лицейі мен № 4 ЖОББМ, № 6 Теректі станциясы негізгі орта мектебінің күрделі жөндеу жұмыстарына, «Nur Otan» партиясының ғимараты айналасын, Есенберлин, Гагарин, Тимирязев көшелері мен «Байқоңыр» қонақүйін энергия тиімді жарықтандыру жұмыстарына, 3 субұрқақты жөндеуге, «Мемлекеттік архив» ғимаратының аумағын қоршауға және күрделі жөндеу жұмыстарына, Кеңгір елді-мекені мен 7, 8-ықшам аудандардарының кәріз құбырларын жөндеуге және «Жошы хан» тарихи-археологиялық кешені мен 320 орынды дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына жұмысшылар аса қажет.

– Күнделікті өтініш жасаған немесе электронды еңбек биржасы арқылы тіркелген, тиісті біліктілігі бар жұмыссыз ретінде тіркеуде тұрған азаматтардың тізімі жасақталып, жұмысқа орналастырлуда. «Еңбек нарығы ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуге алынған жұмыссыздар арасында «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасына 248 тұрғынның мамандығы сәйкес келіп тұр. Мұнымен қатар, қоғамдық жұмыс бойынша 500 жұмыс орны дайындалуда. Оның 300-не республикалық бюджеттен, 200-не жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп отыр. Қоғамдық жұмысқа тартылған тұрғындар 2 төменгі айлық есептік көрсеткіш, яғни, 85 000 теңге көлемінде еңбекақымен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік жұмыс орындары арқылы еңбек етуге ниетті 85 тұрғынға көмек көрсетілмек. Соның арқасында жұмысқа орналасушылар еңбекақысының 35 пайызын мемлекет төлейтін болады. Бұл салық пен арнайы еңбекақы төлемдерінен қашқан жұмыс берушілердің санын азайтуда тиімді әдіс, – дейді орталық басшысы Абай Әзімбаев.

Оның айтуынша, соңғы үш жылда өз мамандығы бойынша жұмыс таппай жүрген жастар үшін де мол мүмкіндіктер қарастырылған. Олар «Жастар тәжірибесі» жобасына қатысып, 6 ай бойы 69 450 теңге көлемінде еңбекақы ала алады. Аталған жоба арқылы тәжірибеден өткен жастарға жарты жылдан кейін тұрақты жұмыс та тауып берілмек. Бүгінде жастар тәжірибесінен өткен жезқазғандық жастардың 90-ы тұрақты жұмыспен қамтылды.

Биыл жастар тәжірибесіне 60 орын бөлініп отыр. Жеке ісін дамытқысы келетін кәсіпкерлерге 110 грант бөлінген. Байқауға қатысушыларға 200 АЕК негізінде қаржылай көмек көрсетіледі. Қазіргі күнге дейін 90 жоба дайын тұр. Қатысуға ниеттілер саны өте көп. Осыған орай, қосымша грант сұрату ойымызда бар. Жас кәсіпкерлерді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мамандары оқытып, оларға бизнес жоба дайындауды үйретеді және әрбір қатысушыға шәкіртақы төленеді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖОЛ КАРТАСЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ЖОЯДЫ

**Қарағанды облысында Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында жалпы құны 63,7 млрд. теңге болатын 625 жоба іске асырылады. Нәтижесінде 16 106 жаңа жұмыс орны ашылады. Оның тең жарымына, яғни, 8053 орынға жолдама жұмыспен қамту орталықтарынан беріледі. Жобаларды жүзеге асыру барысында жаңа нысандар салынып, ескілері жөндеуден өтеді, сондай-ақ, ауылдар абаттандырылып, коммуналдық сала қызметін жетілдіру көзделуде.**

Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында облыста 33 жаңа нысан бой көтереді. Олардың қатарында мектептер, балабақшалар, спорт нысандары және тарихи-мәдени кешендер бар. Атап айтқанда, Жаңаарқа ауданында және Жезқазған қаласында жаңа мектептер ашылады, ал, Сәтбаев қаласында жаңа балабақша мен Оқушылар сарайы салынады деп жоспарлануда. Денсаулық сақтау саласы да назардан тыс қалмайды. Жоспар бойынша биыл аймағымызда 1 операциялық блок және 2 жедел жәрдем станциясы салынуы тиіс.

Бұдан бөлек, Жезқазған қаласында тарихи-мәдени кешенінің құрылысы басталады. Сондай-ақ, Жезқазған, Саран, Шахтинск және Ұлытау аудандарында денешынықтыру-сауықтыру кешендерін, Қарағанды қаласы мен Нұра, Жаңаарқа аудандарында бассейн салу жоспарға енгізілген. Ал, коммуналдық қызмет сапасын арттыру мәселесі бойынша аймақта 15 нысан бой көтереді. Су желісі бойынша Бұқар жырау, Жаңаарқа, Қарқаралы, Нұра, Осакаров аудандарында және Саран қаласында 8 жоба жүзеге асады. Ал, Сәтбаев пен Ұлытау аудандарында кәріз желісін ауыстыру жұмыстары қолға алынбақ. Сонымен қатар, Қарағанды, Балқаш, Саран және Шахтинск қалаларында жылу желілері жаңадан тартылып, Шахтинск қаласында электр желісі салынады. Бұдан бөлек, Қарағандыда жол жөндеу жұмыстары қолға алынады.

Жол картасының тағы бір игілігі – ұзақ жылдар бойы жөндеу көрмей, тозып тұрған 458 мәдени-әлеуметтік нысанға, инженерлік-транспорттық инфрақұрылымға және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, елді-мекендерді абаттандыру бойынша 134 жоба іске аспақ. Оның аясында 47 көшеге жарық шамдары орнатылып, 2 көшеге жасыл желектер отырғызылады, сондай-ақ, 27 саябақ пен сквер жаңғыртылып, иесіз тұрған 4 нысан құлатылады және 9 балалар мен спорт алаңдары ашылады.

Жалпы алғанда Жұмыспен қамтудың жол картасы 140 елді-мекен аумағында жүзеге асады. Жұмысқа орналасқан азаматтың жалақысы 2 ең төменгі айлық, яғни, 85 000 теңге шамасында болады. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында басқа жерге барып жұмыс істеуге ниет білдірген азаматтарға 85 000 теңге көлемінде көтерме ақы төленеді.

Қазіргі таңда Жол картасына қатысушыларды анықтау, жөндеу жұмыстарының кестесін жасау және отандық өндірушілерді тарту мақсатында жұмысқа қажетті құрылыс материалдарының көлемін нақтылау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Бағдарлама әкімшілеріне және қалалар мен аудандардың басшыларына Жұмыспен қамтуың жол картасы аясында сатып алынатын жұмыс пен қызмет түрлеріне қойылатын талаптар жіберілді. Сонымен бірге, аудандар мен қалалардағы жұмыспен қамту орталықтарының базасында 18 қозғалмалы рекурт бекеттері ашылып, автокөлікпен қамтамасыз етілді.

Жүзеге асатын инфрақұрылымдық жобаларға ресми тіркеуде тұрған жұмыссыздар жіберіледі. Оның ішінде, жұмыссыз жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінгі таңда еңбек ресурсында 9715 адам бар. Олар – бетоншы, тас қалаушы, электрик, дәнекерлеуші және басқа да мамандық иелері.

WhatsApp желісінде онлайн-кеңес беру тобы ашылған, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде Жұмыспен қамтудың жол картасы туралы және инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа қабылдау жайлы ақпараттар жарияланған.

*«Ortalyq Qazaqstan»*

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ ҒАЗИЗ ОМАРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 95 ЖЫЛ

# ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖОЛЫН ЖАЛҒАҒАН

## *Ғазиз ОМАРОВ кенді өлкенің мақтанышына айналды*

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

– Жас жігіт, сен кен инженері болуың керек. Екі жыл шахтада істеген тәжірибең бар екен. Ертең осында сендер инженер болмағанда, мамандарды қайдан табамыз? Мен құжаттарыңды қарап шықтым, мектепті үздік бітіріпсің,-деп, «ия» десе болды өзімен бірге Алматыға ала кететіндей болып отырды. Барғысы келмейді. Сылтауын да айтып бақты.

– Заң маманы болғым келеді, құжаттарымды өткізіп қойдым.

– Сол да сөз бе екен? Өзіміз сұратып аламыз, – деген профессорды «Ауылда әкем бар, сонымен ақылдасайын» деп әзер тоқтатты.

Шынында да, ертесіне ауылдағы әкесімен барып ақылдасты.

– Бір орыс профессор жабысып отыр. Не істеймін? Өзім заң жағында оқысам деймін, – деген ұлының сөзін тыңдаған әкесі:

– Кен оқуына шақырып жатыр дейсің бе? Кеше Жезқазғанға Қаныш Сәтбаев келді дегенді естіп едім, барып іздестіріп, тауып, сол кісінің өзімен ақылдасып көрейінші. Мыналардың өздері келіп, оқуға шақырып жүргендері біртүрлі күдікті екен. Егер мықты оқу болса, жұрттың өзі-ақ бармай ма?, – деп, енді шаруаға әкесі араласты. Бұрын айта қоймайтын еді, әкесінің Қаныш Имантайұлын өте жақсы білетінін, талай дәмдес, дастархандас болғанын да ол сол жолы алғаш рет естіді.

Ертесіне Қаныш Сәтбаевпен кездесуге әкесі ұлын да ертіп барды. Бұларды көрген Қанекең орнынан көтеріліп, құшағын жая қарсы жүрді. Екеуі құшақтасып, мәре-сәре болды да қалды. Бала Ғазиздің көңілінде Қаныш ағаның әкесіне деген ерекше ілтипатын көру мақтаныш сезімін ұялатып жатты. Орындыққа жайғасқан соң әкесі :

– Қанеке, мынау қара – балаларымның үлкені. Екі жыл шахтада істеді. Мектепті жақсы бітірді. Әрі қарай оқуға талаптанып жүр. Қандай мамандық лайық? Өзіңмен соны ақылдасуға келдім. Өзі Заң институтына құжаттарын өткізіп қойыпты. Осында Алматыдан келген бір кісілер мұны кен инженерінің оқуына шақырыпты. Туу Алматыдан мұнда олар неғып келіп жүр? Егер оқулары мықты болса, елдің өзі-ақ іздеп бармай ма? Соған күдіктеніп қалдым. Осында келе қалғаның қандай жақсы болды. Ақылыңды айт. Сен қайда жібер десең, сонда жіберемін, – деді.

Бұл сөзді ықыластана тыңдаған Қаныш аға:

– Өмеке, мен өзім кен өндірісінде жүріп сіздің балаңызды заң оқуына жібер деймін бе? – деп, рахаттана күліп алды да:

– Мамандықтың бәрі де жақсы. Дегенмен, Жезқазған – кен байлығының таусылмайтын көзі. Осы байлықты халқымыздың игілігіне айналдыруға, молынан өндіруге мамандар жетіспейді. Қазақтан шыққан инженерлер аз, жоқтың қасы. Халқымыз бұл оқудың маңыздылығын әлі толық түсінбей жатыр. Бір жағы бұл оқуға екінің бірі шыдай да бермейді, сондықтан, бұдан қашқақтайды. Әрі қазіргі елдің жағдайы мынау. Оқуды ойлап жүргеннен гөрі күнделікті тамақтың қамын ойлау жағы басым. Өйткені, уақыт – солай. Бірақ, біз әрқашан ертеңді ойлауымыз керек. Соғыс енді әрі кетсе бір жылға жетер жетпес уақытта бітеді. Герман тек жанталасып жатыр, қарсылық көрсететін қауқары қалмады. Алматының Политехының мұғалімдері осындай өндіріс орындарына барып, жастарды оқуға шақырып жүргені өте дұрыс. Сондықтан, Өмеке, баланы кен инженерінің оқуына беріңіз, -деді де, Ғазиздің өзіне қарап, бірнеше сұрақ берді. Ол білгенінше жауап берді. Содан соң сол жерде:

– Ал, қалқам, қолыңды жай, – деді де: – Талабың оңғарылсын! Туған жеріңе кен инженері болып орал!, – деген батасын берді.

Кейін «Кеншілік жолға қалай келдіңіз?» деген сұрақ қойылғанда Ғазиз Омарұлы үнемі жауабын «Маған мамандықты мен емес, Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзі таңдап берген!» деп бастайтын болған. Әрине, көпшілік алғашында мұны түсінбей қалады да, Ғазекеңнің әңгімесін толық тыңдаған соң ғана әсерленіп, «Қандай керемет!» десіп, таңдайларын қағысып жататын. Міне, бұл Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Ғазиз Омаровқа берген алғашқы жолдамасы болатын.

Екіншісі оқу бітіріп, диплом алып, жұмысқа жіберілетін шақта болды. Ал, бұған шейін Ғазекеңе қазақтың тағы бір алып тұлғасының шапағатын сезіну бақыты бұйырды.

Диплом қорғайтын күн. «Оқу үздігі ретінде диплом қорғауға бірінші болып кіресің» деген тапсырма күнбұрын беріліп қойылғасын, барынша дайындалды. Бәрібір, жүрек алабұртып тұр. Аудиторияның төрінде өңкей оқымыстылар, басшылар жайғасыпты. Ең төрінде Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы,сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев отыр екен. Қасындағылардан анағұрлым еңселі көрінеді.

Имене кіргенін байқаған Димаш Ахметұлы:

– Ешқандай қысылма. Бар ойыңды барынша көрсетуге ұмтыл. Бәріміз де жас болғанбыз, қобалжып тұрғаныңды түсінеміз. Аспа да саспа. Ал, енді баста, – деген ол кісінің сөзіндегі жылылық жанына шуақ сепкендей жадыратып жіберді. Әлгі қобалжудың, қысылудың қайда кеткенін қайдам, еркін тұрып, еркін сөйледі. Қосымша қойылған сұрақтарға да нақтылы жауап қайтарды.

Диплом қорғау біткен соң, бәрін қайтадан аудиторияға жинап, әркімге алған бағасын жариялады.

– Диплом қорғауға бірінші болып кірген Ғазиз Омаровтың еңбегі айрықша бағаланды, – деген Димаш Ахметұлы оны қасына шақырды.

– Қарағым, оқуды жақсы бітірдің. Енді сол білімнің игілігін өзің де көр, еліңе көрсет! Адал жұмыс істеуге ұмтыл. Еңбегің сонда жемісті болады, – деп қолын қысып, келешек еңбегіне сәттілік тіледі.

«Енді бәрі бітті, елге қайтамын, өндіріске араласымын» деп жүргенде, жас мамандарға жолдама бөлінетін комиссия мәжілісінде институт директоры Ғазиз Омаровты аспирантурада алып қалатынын жариялады. Рахмет, алғысын білдірген Ғазекең өзін Жезқазғанға, өндіріске жіберуін сұрады. Бірақ, комиссиядағылар институт басшысының сөзін жақтап, «ғылыммен де айналысу» керектігін алға тартты. Сол сәтте комиссия мәжілісіне қатысып отырған Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев орнынан көтерілді.

– Бізге аспиранттар табылады. Жезқазғандай алып өндіріс білімді инженерлерге зәруліктен көз аша алмай отыр. Мен бұл жігітті өте жақсы білемін. Оқуға дейін де шахтада жұмыс істеген азамат. Өзі Жезқазғаннан болса, сол жердің өндірісіне сұранып тұрса, неге жолына көлденең тұрамыз? Жолдастар, бұлай жасауға болмайды.Талабы дұрыс екен. Жіберейік Жезқазғанға, – деді. Әрине, Президенттің сөзіне ешкім де қарсы келген жоқ. Сөйтіп, Ғ.Омаровқа Жезқазғанға жолдама берілді. Бұл ұлы адамның тарапынан Ғазекеңе берілген екінші жолдама еді.

Институттан жолдама арқылы келген жас маман Жезқазған кен басқармасына ауысым бастығы болып орналасты. Білімді, білікті маман өзін мойындатпай қоймады. Ол тез көзге ілікті де, қызмет баспалдағын да жылдамдатып биіктетті. Шахтаның бас маманы, Оңтүстік Жезқазған кеніші директоры қызметтерін атқарды. 1956-1960 жылдар аралығында кен басқармасының партком хатшысы, 1960-1965 жылдары шахтақұрылыс басқармасының бастығы, кен басқармасының директоры болды. 1966 жылды жаңадан құрылған шахтопроходка тресінің бастығы болып тағайындалып, 1987 жылы құрметті еңбек демалысына шықты.

Оның өндірістегі мол тәжірибесі ескеріліп, зейнеткерлікке шыққан соң да облыстық экология комитетіне қызметке шақырылды. 1995-2002 жылдары «Қазақмыс» корпорациясы Президентінің кеңесшісі болып, аймақтағы ірі өндірістің жаңа жағдайдағы қалыптасуына, аяғынан нық тұрып кетуіне бар күш-жігерін жұмсады.

Өндірістегі өлшеусіз еңбегі лайықты бағасын алды. Ол КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген кеншісі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атанды. 1981 жылы оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ғазекең – деген құрмет ол дүниеден өткен соң да тоқтаған жоқ. Қазір Жезқазған қаласының бір көшесі мен Жезқазған шахтапроходкалау тресі Ғазиз Омаров есімін иеленеді.

Өзі жақсылардың шапағатына бөленіп, шарапатын сезінген Ғазиз Омарұлы кейінгі жас буынға жол көрсеткен қамқоршы ағаға айнала білді. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Мұханбет Жұманазарұлы Көпеев бір әңгіме барысында Ғазекең туралы асқан жылылықпен пікір білдіргені еске түсіп отыр екен. Институтты енді ғана бітіріп келген Мұханды жұмыстағылар шеттеткісі келіп, қырына ала бастайды. Ол кезде өндірістегі қазақ басшылары жоқтың қасы. Шпурларды толықтай бұрғыламай, жарылғышпен аттырғысы келген бригадирдің дегеніне көнбеген М.Көпеевтің кесірінен жұмыс барысында атқарылуға тиісті екі циклдың біреуі де орындалмай, мұның соңы үлкен айқай-шуға ұласады. Сол кезде телефонға трест басқарушысы шығып, мән-жайды түсіндіруді талап етеді. Үңгу паспортының бұзылғанын, соның салдарынан 1,7-1,8 қума метрдің орнына 1 метр тереңдіктен тасжыныс қопарылатынын және тәртіптің төмендігін айтқан жас маманның сөзін тыңдаған Ғазиз Омарұлы басқарма бастығын телефонға қайта шақырып «Все вы, вместе взятые, этого молодого человека не стоите! Он прав! Его надо поощрять!» дейді. Әлгінде ғана жалдары күжірейіп тұрғандардың жүндері жығылып сала береді. Бұл басшының нағыз әділеттілігін танытатын бір ғана мысал. Ресми түрде бекітілмесе де Ғазиз Омаровты білетіндердің бәрі оны «тау-кен, металлургия саласының профессоры» деп атайтын. Көнекөз кеншілердің қайсысынан сұрсаңыз да, кешегі Кеңестер Одағында 46 жыл Түсті металлургия министрі болып, Гиннесс кітабына енген Петр Фадеевич Ломаконың Ғазекеңе деген құрметінің айрықша болғанын айтқанда, таңдайларын қағып, көздерін жұмып отырады. «Осында бір жиынға келген Ломако келгеннен кеткенше аузынан Ғазекеңді тастамады ғой. Сонда біз ағамыздың Мәскеулік министрдің алдында аса зор абыройлы екенін біліп, марқайып қалғанбыз» дейді олар.

Еңбегін еліне арнаса, қандай лауазымда жүрсе де әділдіктен таймаса, үлкенге іні, кішіге аға бола білсе, ең бастысы алдындағы жақсылардың жолын жалғастырып, кейінгі жастарды да сол жолға түсіріп кеткен болса, неге ондай тұлғаны мақтан етпеске? Ал, Ғазиз Омарұлы Омаровтың нақ сондай тұлға болғанын айтып жатудың өзі артық.

**Абдолла ДАСТАНОВ**

**Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыстың болып өткеніне биыл 75 жыл толып отыр. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.**

# ҚАҺАРМАНДЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ






Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Жеңісті жақындатуға атсалысқан батыр әкелеріміздің бірі – Ұлы Отан соғысының ардагері Қожалепес Қалиев. Архивтегі №322 Ұлы Отан соғысы батырлары мен ардагерлерінің топтамасына құжаттары енгізілген. Мемлекеттік мұрағатқа өткізілген құжаттардың дені естеліктер, өз қолымен жазылған қолжазбалары. Қалиев Қожалепес өзінің Ұлы Отан соғысындағы ерліктерін жақсы жеткізе білген. Осы естеліктерді ақтарып отырып, Қожалепес ақсақал туралы жазуды жөн көрдім.

Қожалепес Қалиев 1920 жылы 3 наурызда бұрынғы Қарсақбай ауданына қарасты Дулығалы деген жерде дүниеге келді. Әкесі Қали Байтөре немересі, руы Бегімбет, оның ішінде Дулат деп аталатын Имам батырдың немере қызы Зылиқадан туады.

Қожалепестің әкесі Қали орта шаруа болған адам екен, егін егіп, диқаншылықпен



айналысқан. Қалиев Қожалепес сегіз жасқа толғанда әкесі оны Торғай Дуаны деп аталатын қазіргі Аманкелді ауданының ар жағындағы Торғайдағы мектепке оқуға береді. Онда 1928-1929 жылдың басына дейін оқып, сол жылы Кеңес үкіметіне қарсы ұйымдасқан Қожбан хан жасақ құрып, сонда жасырынып жүріп, ақыры еліне қайтып оралады. Әкесі Қалиді бандылар өлтіріп кеткеннен кейін, шешесі 1931 жылы Шығырлы деген жерге келіп, Гусов артеліне мүше болады, кейін бұл артель Амангелді колхозы содан соң совхозы болды, Қожалепес 1932 жылы Жамбылдағы Шақпақ балалар үйіне барып оқиды. 1936 жылы он жылдықты бітіріп, Алматы қаласына мұғалімдерді дайындайтын мектепке түсіп, 1938 жылы аяқтайды. Туған жеріне оралған Қожалепес Қалиев Қарсақбай ауданы Қара адыр ұжымдық мектебіне барып, ұстаздық етеді. Осы мектепте жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, 1942 жылы ақпан айында майданға аттанады. 10 ақпан күні бас-аяғы 70 адам Қарсақбайдан соғысқа аттанады. Арада поезбен 2-3 күн жүріп, Орал бойындағы №40 соғысқа солдат дайындайтын полкқа барып түседі. Сол жерде сапқа тұрғызып, орысша білетін білмейтіндерін байқап көреді. Барған адамдардың ішінен ең жасы Сәлімжан Макишов екеуін рептребуналға аудармашы, әрі заседатель болып барасыңдар деп екі жаққа жібереді. Содан Қожалепес Қалиев жауынгерлерге үйрететінін түнде өзі үйреніп, күндіз солдаттарға үйретіп жатқанда полкқа бір татар жігіт келеді. Қалиев Қожалепесті шақырып алып сенің орныңа мына лейтенант барады, сен осы бөлімнен соғысқа кетесің дейді. Ақпан айының аяғында 30 шақты адам соғысқа аттанады. Ең алғаш 11-танкіге қарсы гвардиялық истребительдік дивизияның 170-артиллериялық полкі құрамында майданға кірген ол II және III Украин, I-Балтық және Калининград майдандарында сан рет жаумен бетпе-бет шайқасты. 40-шы атқыштар полкының құрамына қабылданған Қалиев Қожалепес Қызылжардағы әскери лагерьде жарты ай ғана жаттықты. Нағыз соғыстың сойқаны түгіл, оқ-дәрінің иісін жете сезініп көрмеген жастар батысты бетке алды. Алғашқы шайқасқа қалың орманның арасында кірді. Қып-қызыл қан мен аппақ қар араласқан қара топыраққа көмілген талай боздақтар майдан даласында қалды. 1942 жылдың желтоқсанында атқыштар полкінен полк командирінің бұйрығы бойынша дербес шаңғышылар батальонына бөлімше командирі болып ауыстырылады. Келесі жылы көктемге салым артиллерияға көздеуші болып жіберіледі. 1661-ші танкіге қарсы соғысатын артиллерия полкі құрамында Харковьті азат етуге қатысты. I-ші Балтық майданында Чехословакия, Латвия, Эстония, Венгрия, Австрияны азат ету жорықтарында жаудың талай темір сауытты техникасын талқандады. Бұршақша бораған оқ пен табан астында жалаңдаған оттың ортасынан аман шығу екінің біріне бұйыра бермеген. Гвардия старшинасы Қожа Қалиев бір рет ауыр, екі мәрте жеңіл жарақаттанып, бірақ айығысымен қайта қатарға қосылып, Жеңіс жылының көктемін де қарсы алды.

Жеңіс қашанда жеңілдікпен келмейді, ауыр шайқастар мен жанқиярлық еңбектің арқасында мүмкін болады. Азаттық жолындағы сондай бір соғыс Венгрия жерінде болды. Будапештің оңтүстік-батысында шоғырланған фашистердің танк тобын талқандау қандай қымбатқа түскені тарихтан белгілі. Сол қанды қырғынның бел ортасында гвардия старшинасы Қожалепес Қалиевтің арттилеристері де жүрді. Жаралы қорқаудай жанталасқан жауды жапыра қуған кеңес әскерлері Секешфехервар, Мор, Зирез, Веспрем, Эньинг қалаларын және 350 елді мекенді жаудан азат етті. Бұл жеңіс жылының наурызында болған еді.

Қожалепес әкей естеліктерінде кездесетін Вена түбінде болған оқиға Ұлы Отан соғысы шежіресінде ауыр беттердің бірі болып жазылып қалғаны белгілі. Екінші Украина майданына сүйенген үшінші Украина майданы көшелеріндегі қиян-кескі ұрыстардан кейін 13 сәуірде Австрия астанасы Вена қаласын жаудан тазартты. Венаның төңірегінде және Австрия астанасын азат ету барысында кеңес әскері немістердің он бір танк армиясын талқандады. Жауды жеңуге Қожалепес Қалиевтің де артиллеристері аянбай үлес қосты. Отқа оранған талай танк майдан даласында қалды. Осы шешуші сұрапыл шабуылда жаудың 130 мыңнан астам солдаты мен офицері тұтқынға алынды. Жойқын шайқастағы кеңес жауынгерлерінің жасампаз Жеңісі құрметіне 13 сәуірде Мәскеуде 324 зеңбіректен 24 дүркін салют берілді. Соғыс аяқталса да Қожалепес Қалиевке тағы бір жыл неміс топырағының дәмі бұйырды. Механикаландырылған полктің қару-жарақтары мен көліктерін өткізіп, елге қайтатын жауынгерлердің құжаттарын реттеумен айналысқан гвардия старшинасы Қожалепес Қалиев Жоғарғы Кеңес Президиумының 1946 жылғы 20 наурыздағы Жарлығымен әскер қатарынан босатылды.

Елге 1946 жылы мамыр айында оралды. Қарсақбай ауданы Ворошилов колхозында мұғалім болып еңбек ете жүріп, сол колхоздың партия ұйымының хатшысы болды. 1949 жылы Ворошилов колхозынан екінші ауыл Сталин колхозына мектеп меңгерушісі, әрі партия ұйымының хатшылығына жіберілді. 1951 жылы колхоздардың бірігуіне орай Сталин колхозы 10 ауылға қосылып, 2 ауылдағы мектеп жабылды. 1951 жылы Байқоңыр колхозына 7 жылдық мектепке келіп, 1955 жылға дейін мұғалім болып қызмет істеді. 1955 жылдан 1958 жылға дейін Жезді әк шығаратын өндірістің меңгерушісі әрі партия ұйымының хатшысы болды. 1958 жылы Қарсақбай совхозы Пионер бөлімшесіндегі №5 жеті жылдық кейіннен сегіз жылдық мектепте 1981 жылға дейін ұстаз болып зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де Қожалепес ақсақал Сәтбаев қаласының қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, қалалық ардагерлер кеңесінің президиум мүшесі болды. Келешек ұрпақтарды отансүйгіштікке тәрбиелеп, жастарға үлгі көрсетті, ақылшы, кеңесші бола білді. Жауынгерлік ерлігі бағаланып екі бірдей «Қызыл Жұлдыз» ордені, I дәрежелі «Отан соғысы» ордені және маршал Жуков, «Германияны жеңгені үшін», «Венаны алғаны» үшін медальдарымен марапатталып, он рет Сталиннен «Алғыс хат» алған.

Қожалепес ақсақал 5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген, олардан 19 немересі, 1 шөбересі бар. Ақсақал 2008 жылы 5 шілдеде тоқсанға қараған шағында дүниеден өтті.

Кешегі тарихын ұмытпаған елдің ғана болашағы жарқын болады. Бүгінгі бейбіт күнге жеткізген майдангерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Иә, қаһармандық тағылымы ұмытылмайды. Ол адамзатқа бейбітшілік пен тыныштықты мәңгілік сақтау керектігін ескертіп тұрғандай.

**Қ.НАУРЫЗБАЕВА,**
**Жезқазған қалалық мемлекеттік архивуі әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғарғы санатты архивисі**


# Құрметті ТЕРЕКТІ ауылының тұрғындары!




Биыл Ұлы Отан соғысының аяқталып, Жеңіс мерекесі батырлықтың символына айналғанына 75 жыл толып отыр. Жылдар өте соғыс жаңғырығы тарих қойнауына сіңіп, сұрапыл соғыстың куәгерлері азаюда. Көптеген соғыс құжаттары, ардагерлер, олар жайындағы естеліктер беймәлім қалуда. Осыған орай, Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві **«Жезқазғандықтардың майдандағы ерлік жолдары»** атты АКЦИЯСЫ жарияланып, жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі таңда соғыс жылдарындағы құжаттардың бағасы мен маңыздылығын ескеріп, ондаған жылдар сақталған жәдігерлерді жинақтауымыз аса қажет.

Осы ретте мына суреттегі Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, тыл ардагерлерінің ұрпақтары! Майдангер-ардагерлеріміз жайында қолдарыңызда қандай да бір мәлімет-деректеріңіз болса, (ҰОС қатысушы ардагердің немесе тыл ардагерлерінің өмірбаяны, жеке құжаттары, марапаттары, мақалалары, естеліктері, жеке суреттері т.б. құжаттары) Жезқазған қаласы мемлекеттік архивіне өткізулеріңізді сұраймыз. Бұл ел тарихы үшін жасалған игі істеріміздің бірі болмақ.

***Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!***
***Қан майдан қаһармандарына мың тағзым!***

Мекенжайымыз: **Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві, Титов көшесі, 22, б**асшы Д.Орынбасарова, байланыс телефоны: **72-31-22, №2 кабинет,** Ж.Оспанова, **телефоны: 72-31-23**

## РЕШЕНИЕ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

*город Жезказган* *№ 45/394 от 30 апреля 2020 года*

# О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В РЕШЕНИЕ XXXXI СЕССИИ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 27 ДЕКАБРЯ 2019 ГОДА №41/362 «О БЮДЖЕТЕ ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН НА 2020-2022 ГОДЫ»

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 4 мая 2020 года за №5818 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Жезказганский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение XXXXI сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №41/362 «О бюджете города Жезказган на 2020-2022 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5633, опубликовано в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 8 января 2020 года, в газете «Сарыарқа» от 17 января 2020 года №2 (8166), 24 января 2020 года №3 (8167), в газете «Жезказганский вестник» 17 января 2020 года №2 (309), 24 января 2020 года №3 (310) следующие изменения:

пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1. Утвердить городской бюджет на 2020-2022 годы согласно приложениям 1, 2, 3 соответственно, в том числе на 2020 год в следующих объёмах:

1) доходы – 24222040 тысяч тенге, в том числе:

налоговые поступления – 9494996 тысяч тенге;

неналоговые поступления – 77860 тысяч тенге;

поступления от продажи основного капитала – 244267 тысяч тенге;

поступления трансфертов–14404917 тысяч тенге;

2) затраты – 26876844тысяч тенге;

3) чистое бюджетное кредитование – 1656875 тысяч тенге, в том числе:

бюджетные кредиты – 1659173 тысяч тенге;

погашение бюджетных кредитов – 2298 тысяч тенге;

4) сальдо по операциям с финансовыми активами – 0 тысяч тенге,в том числе:

приобретение финансовых активов – 0 тысяч тенге;

поступления от продажи финансовых активов государства – 0 тысяч тенге;

5) дефицит (профицит) бюджета – минус 4311679 тысяч тенге;

6) финансирование дефицита (использование профицита) бюджета – 4311679 тысяч тенге, в том числе:

поступления займов – 4409012 тысяч тенге;

погашения займов – 175078 тысяч тенге;

используемые остатки бюджетных средств – 77745 тысяч тенге.»;

пункт 4 изложить в следующей редакции:

«4.Учесть, что в составе поступлений городского бюджета на 2020 год предусмотрены целевые текущие трансферты и трансферты на развитие из областного и республиканского бюджетов в сумме 11312342 тысяч тенге.»;

приложения 1, 4 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложениям 1, 2к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2020 года.

**Председатель сессии Б. КОПБАЕВ**

**Секретарь Жезказганского городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

## Целевые текущие трансферты и целевые трансферты на развитие, кредиты на 2020 год

*Приложение 1 к решению Жезказганского городского маслихата от 30 апреля 2020 года № 45/394*

*Приложение 1 к решению XXXXI сессии Жезказганскогогородскогомаслихата от 27 декабря 2019 года №41/362*

| № п/п | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | **Всего:** | **15721354** |
| | в том числе: | |
| | Целевые текущие трансферты | 3011593 |
| | Целевые трансферты на развитие | 8300749 |
| | Бюджетные кредиты | 4409012 |
| | в том числе: | |
| | Целевые текущие трансферты, в том числе: | 3011593 |
| 1 | На увеличение оплаты труда педагогов государственных организаций дошкольного образования | 698725 |
| 2 | На увеличение оплаты труда педагогов государственных организаций среднего образования | 442442 |
| 3 | На доплату за квалификационную категорию педагогам государственных организаций дошкольного образования | 17017 |
| 4 | На доплату за квалификационную категорию педагогам государственных организаций среднего образования | 351746 |
| 5 | На апробирование подушевого финансирования организаций среднего образования | 98096 |
| 6 | На обеспечение прав и улучшение качества жизни инвалидов в Республике Казахстан, в том числе: | 44118 |
| | увеличение норм обеспечения инвалидов обязательными гигиеническими средствами | 8758 |
| | расширение перечня технических вспомогательных (компенсаторных) средств | 35360 |
| 7 | На развитие рынка труда, в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Енбек», в том числе: | 193864 |
| | частичное субсидирование заработной платы | 25500 |
| | молодежная практика | 43344 |
| | предоставление государственных грантов на реализацию новых бизнес идей | 53020 |
| | общественные работы | 72000 |
| 8 | На выплату государственной адресной социальной помощи, в том числе: | 247027 |
| | выплата государственной адресной социальной помощи | 93372 |
| | гарантированный социальный пакет детям | 153655 |
| 9 | На установление доплат к заработной плате работников, предоставляющих специальные социальные услуги в государственных организациях социальной защиты населения | 43779 |
| 10 | На краткосрочное профессиональное обучение по востребованным на рынке труда квалификациям и навыкам в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Енбек» | 39814 |
| 11 | На установление доплат к должностным окладам за особые условия труда в организациях культуры и архивных учреждениях управленческому и основному персоналу государственных организаций культуры и архивных учреждений | 37738 |
| 12 | На проведение энергетического аудита многоквартирных жилых домов | 2127 |
| 13 | На приобретение жилья коммунального жилищного фонда для социально уязвимых слоев населения и (или) малообеспеченных многодетных семей | 458400 |
| 14 | На содержание и укрепление материально-технической базы и проведение ремонтов объектов образования, в том числе: | 336700 |
| | капитальный ремонт объектов образования | 336700 |
| | Целевые трансферты на развитие, в том числе: | 9699375 |
| 15 | Строительство школы на 900 мест в городе Жезказган | 520150 |
| 16 | Строительство 5-этажного 60-квартирного жилого дома по улице Алашахана, 34Д в городе Жезказган | 217526 |
| 17 | Строительство многоэтажного арендного жилого дома по улице Алашахана, 34Е городаЖезказган | 175028 |
| 18 | Строительство 5-этажного 30-квартирного жилого дома по адресу: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Жезказган, улицаАлашахана, 34И | 154107 |
| 19 | Подведение инженерно-коммуникационной инфраструктуры (водопровод, канализация, теплоснабжение, телефонизация, благоустройство) к 3 этажному 18-квартирному жилому дому по ул.Шевченко, 23А, квартал 69, города Жезказган | 40546 |
| 20 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 2 очередь | 1390329 |
| 21 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 3 очередь | 1223223 |
| 22 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 1 очередь | 820000 |
| 23 | Реконструкция хозяйственно-питьевых очистных сооружений города Жезказган, 3 очередь | 705385 |
| 24 | Строительство газораспределительных сетей города Жезказган от автоматизированной газораспределительной станции «Жезказган» магистрального газопровода «Сарыарка» | 1588889 |
| 25 | Реконструкция и модернизация тепловых сетей города Жезказган, 2 очередь | 550237 |
| 26 | Строительство физкультурно-оздоровительного комплекса на 320 зрительских мест в городе Жезказган | 300000 |
| 27 | Реконструкция путепровода №4 через железную дорогу между ул.Привокзальная и Сарыарка в городе Жезказган | 615329 |
| | Бюджетные кредиты, в том числе: | 4409012 |
| 28 | Кредитование бюджета для финансирования мер в рамках Дорожной карты занятости | 2098064 |
| 29 | Кредитование на проектирование и (или) строительство жилья, в том числе: | 651775 |
| | Строительство 3-этажного 18-ти квартирного жилого дома по адресу: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Жезказган, улица Байконурова, 28А | 150075 |
| | Строительство многоэтажного кредитного жилого дома по улице Алашахана, 34К городаЖезказган | 501700 |
| 30 | Кредитование на реконструкцию и строительство систем тепло-, водоснабжения и водоотведения, том числе: | 1651220 |
| | Реконструкция и модернизация тепловых сетей города Жезказган, 1 очередь | 1651220 |
| 31 | Бюджетные кредиты местным исполнительным органам для реализации мер социальной поддержки специалистов | 7953 |

*Приложение 2 к решению Жезказганского городского маслихата от 30 апреля 2020 года № 45/394*

*Приложение 4 к решению XXXXI сессии Жезказганского городского маслихата от 27 декабря 2019 года №41/362*

| № п/п | Наименование | Сумма, тысяч тенге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | **Всего:** | **15721354** |
| | в том числе: | |
| | Целевые текущие трансферты | 3011593 |
| | Целевые трансферты на развитие | 8300749 |
| | Бюджетные кредиты | 4409012 |
| | в том числе: | |
| | Целевые текущие трансферты, в том числе: | 3011593 |
| 1 | На увеличение оплаты труда педагогов государственных организаций дошкольного образования | 698725 |
| 2 | На увеличение оплаты труда педагогов государственных организаций среднего образования | 442442 |
| 3 | На доплату за квалификационную категорию педагогам государственных организаций дошкольного образования | 17017 |
| 4 | На доплату за квалификационную категорию педагогам государственных организаций среднего образования | 351746 |
| 5 | На апробирование подушевого финансирования организаций среднего образования | 98096 |
| 6 | На обеспечение прав и улучшение качества жизни инвалидов в Республике Казахстан, в том числе: | 44118 |
| | увеличение норм обеспечения инвалидов обязательными гигиеническими средствами | 8758 |
| | расширение перечня технических вспомогательных (компенсаторных) средств | 35360 |
| 7 | На развитие рынка труда, в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Енбек», в том числе: | 193864 |
| | частичное субсидирование заработной платы | 25500 |
| | молодежная практика | 43344 |
| | предоставление государственных грантов на реализацию новых бизнес идей | 53020 |
| | общественные работы | 72000 |
| 8 | На выплату государственной адресной социальной помощи, в том числе: | 247027 |
| | выплата государственной адресной социальной помощи | 93372 |
| | гарантированный социальный пакет детям | 153655 |
| 9 | На установление доплат к заработной плате работников, предоставляющих специальные социальные услуги в государственных организациях социальной защиты населения | 43779 |
| 10 | На краткосрочное профессиональное обучение по востребованным на рынке труда квалификациям и навыкам в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы «Енбек» | 39814 |
| 11 | На установление доплат к должностным окладам за особые условия труда в организациях культуры и архивных учреждениях управленческому и основному персоналу государственных организаций культуры и архивных учреждений | 37738 |
| 12 | На проведение энергетического аудита многоквартирных жилых домов | 2127 |
| 13 | На приобретение жилья коммунального жилищного фонда для социально уязвимых слоев населения и (или) малообеспеченных многодетных семей | 458400 |
| 14 | На содержание и укрепление материально-технической базы и проведение ремонтов объектов образования, в том числе: | 336700 |
| | капитальный ремонт объектов образования | 336700 |
| | Целевые трансферты на развитие, в том числе: | 9699375 |
| 15 | Строительство школы на 900 мест в городе Жезказган | 520150 |
| 16 | Строительство 5-этажного 60-квартирного жилого дома по улице Алашахана, 34Д в городе Жезказган | 217526 |
| 17 | Строительство многоэтажного арендного жилого дома по улице Алашахана, 34Е города Жезказган | 175028 |
| 18 | Строительство 5-этажного 30-квартирного жилого дома по адресу: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Жезказган, улица Алашахана, 34И | 154107 |
| 19 | Подведение инженерно-коммуникационной инфраструктуры (водопровод, канализация, теплоснабжение, телефонизация, благоустройство) к 3 этажному 18-квартирному жилому дому по ул.Шевченко, 23А, квартал 69, города Жезказган | 40546 |
| 20 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 2 очередь | 1390329 |
| 21 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 3 очередь | 1223223 |
| 22 | Реконструкция внутригородских водопроводных сетей города Жезказган, 1 очередь | 820000 |
| 23 | Реконструкция хозяйственно-питьевых очистных сооружений города Жезказган, 3 очередь | 705385 |
| 24 | Строительство газораспределительных сетей города Жезказган от автоматизированной газораспределительной станции «Жезказган» магистрального газопровода «Сарыарка» | 1588889 |
| 25 | Реконструкция и модернизация тепловых сетей города Жезказган, 2 очередь | 550237 |
| 26 | Строительство физкультурно-оздоровительного комплекса на 320 зрительских мест в городе Жезказган | 300000 |
| 27 | Реконструкция путепровода №4 через железную дорогу между ул.Привокзальная и Сарыарка в городе Жезказган | 615329 |
| | Бюджетные кредиты, в том числе: | 4409012 |
| 28 | Кредитование бюджета для финансирования мер в рамках Дорожной карты занятости | 2098064 |
| 29 | Кредитование на проектирование и (или) строительство жилья, в том числе: | 651775 |
| | Строительство 3-этажного 18-ти квартирного жилого дома по адресу: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Жезказган, улица Байконурова, 28А | 150075 |
| | Строительство многоэтажного кредитного жилого дома по улице Алашахана, 34К города Жезказган | 501700 |
| 30 | Кредитование на реконструкцию и строительство систем тепло-, водоснабжения и водоотведения, том числе: | 1651220 |
| | Реконструкция и модернизация тепловых сетей города Жезказган, 1 очередь | 1651220 |
| 31 | Бюджетные кредиты местным исполнительным органам для реализации мер социальной поддержки специалистов | 7953 |

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 04.05.2020 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5818 болып енгізілді***

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 30.04.2020 11:40:09, положительный результат проверки ЭЦП Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 30.04.2020 11:41:10, положительный результат проверки ЭЦП Жезказганский городской маслихат– председатель сессии Бакытжан Игенович Копбаев, 30.04.2020 11:42:33, положительный результат проверки ЭЦП Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 30.04.2020 16:03:44, положительный результат проверки ЭЦП***

---

*город Жезказган* *№ 45/397 от 30 апреля 2020 года*

# О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЯ В РЕШЕНИЕ ЖЕЗКАЗГАНСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 24 МАЯ 2012 ГОДА № 6/51 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ О РАЗМЕРЕ И ПОРЯДКЕ ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ НАСЕЛЕНИЮ ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАНА»

***Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов от 5 мая 2020 года за №5822 в Департаменте Юстиции Карагандинской области Министерства Юстиции Республики Казахстан***

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 декабря 2009 года № 2314 «Об утверждении Правил предоставления жилищной помощи» Жезказганский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Жезказганского городского маслихата от 24 мая 2012 года № 6/51 «Об утверждении Правил о размере и порядке оказания жилищной помощи населению города Жезказгана» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером 8-2-156, опубликовано 22 июня 2012 года № 26 (7776) в газете «Сарыарқа» и 22 июня 2012 года № 25 (321) в газете «Жезказганская правда») следующие изменения и дополнение:

в Правилах о размере и порядке оказания жилищной помощи населению города Жезказгана, утвержденных указанным решением:

подпункт 1-1) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«1-1) Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее - Государственная корпорация) - юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан для оказания государственных услуг, услуг по выдаче технических условий на подключение к сетям субъектов естественных монополий и услуг субъектов квазигосударственного сектора в соответствии с законодательством Республики Казахстан, организации работы по приему заявлений на оказание государственных услуг, услуг по выдаче технических условий на подключение к сетям субъектов естественных монополий, услуг субъектов квазигосударственного сектора и выдаче их результатов услугополучателю по принципу «одного окна», а также обеспечения оказания государственных услуг в электронной форме, осуществляющее государственную регистрацию прав на недвижимое имущество по месту его нахождения;»;

подпункт 14) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«14) расходы на содержание общего имущества объекта кондоминиума - обязательная сумма расходов собственников помещений (квартир) посредством ежемесячных взносов, установленных решением общего собрания, на эксплуатацию и ремонт общего имущества объекта кондоминиума, содержание земельного участка, приобретение, установку, эксплуатацию и поверку общедомовых приборов учета потребления коммунальных услуг, оплату коммунальных услуг, потребленных на содержание общего имущества объекта кондоминиума, а также накопление денег на предстоящий вбудущем капитальный ремонт общего имущества объекта кондоминиума или отдельных его видов;»;

подпункт 16) пункта 1 изложить в следующей редакции:

«16) доля предельно-допустимых расходов - отношение предельно-допустимого уровня расходов семьи (гражданина) в месяц на содержание общего имущества объекта кондоминиума, потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, к совокупному доходу семьи (гражданина) в процентах;»;

пункт 2 изложить в следующей редакции:

«2. Жилищная помощь предоставляется за счет средств местного бюджета малообеспеченным семьям (гражданам), постоянно проживающим в данной местности, на оплату:

1) расходов на содержание общего имущества объекта кондоминиума семьям (гражданам), проживающим в приватизированных жилищах или являющимся нанимателями (поднанимателями) жилых помещений (квартир) в государственном жилищном фонде;

2) потребления коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, семьям (гражданам), являющимся собственниками или нанимателями (поднанимателями) жилища;

3) арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде.

Расходы малообеспеченных семей (граждан), принимаемые к исчислению жилищной помощи, определяются как сумма расходов по каждому из вышеуказанных направлений.

Жилищная помощь определяется как разница между суммой оплаты расходов на содержание общего имущества объекта кондоминиума, потребление коммунальных услуг и услуг связи в части увеличения абонентской платы за телефон, подключенный к сети телекоммуникаций, арендной платы за пользование жилищем, арендованным местным исполнительным органом в частном жилищном фонде, в пределах норм и предельно-допустимого уровня расходов семьи (граждан) на эти цели.»;

в пункте 3 абзац первый исключить;

дополнить пунктом 3-1 следующего содержания:

«3-1. Жилищная помощь оказывается по предъявленным поставщиками счетам на оплату коммунальных услуг и счетам о ежемесячных взносах на содержание общего имущества объекта кондоминиума согласно смете расходов на содержание общего имущества объекта кондоминиума за счет бюджетных средств лицам, постоянно проживающим в данной местности.»;

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель сессии Б. КОПБАЕВ**

**Секретарь Жезказганского городского маслихата С. МЕДЕБАЕВ**

***Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 05.05.2020 нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5822 болып енгізілді***

***Результаты согласования***

***Жезказганский городской маслихат – главный специалист – юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 04.05.2020 09:19:21, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – секретарь Жезказганского городского маслихата Советбек Турсынович Медебаев, 04.05.2020 09:20:00, положительный результат проверки ЭЦП***

***Жезказганский городской маслихат – председатель сессии Бакытжан Игенович Копбаев, 04.05.2020 09:21:08, положительный результат проверки ЭЦП***

***Департамент юстиции Карагандинской области – руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 04.05.2020 17:39:55, положительный результат проверки ЭЦП***

# АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАНДЫРУ

**шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Жезқазған қаласының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі**

| № р/с | Жер учаскесіннің орналасқан жері (ауылдық округтен арақашықтығы км, жер учаскесінің лот №) | Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы | жалға беру мерзімі | Жалпы ауданы (га) | Алқаптардың құрамы, оның ішінде | | | | Топырақтың сапалық сипаттамасы (орташа балл бонитет) | Сумен қамтамасыз етілуі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Егістік | Шабындық | Жайылым | Басқа алқаптары | | |
| 1 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 41 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1760,0,0 | | | 1756,0 | 4,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 2 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1125,0 | | | 1120,0 | 5,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 3 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік шығысқа қарай 50 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 4380,0 | | | 4366,0 | 14,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-8) | Су жоқ |
| 4 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 29 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 806,0 | | | 800,0 | 6,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-10) | Су жоқ |
| 5 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 45 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 800,0 | | | 796,0 | 4,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 6 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 27 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1250,0 | | | 1245,0 | 5,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-8) | Су жоқ |
| 7 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 450,0 | | | 450,0 | | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 8 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 32 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 3080,0 | | | 3060,0 | 20,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 9 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 30 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 910,0 | | | 905,0 | 5,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 10 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 35 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 985,0 | | | 980,0 | 5,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 11 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 49 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 2170,0 | | | 1893,1 | 276,9 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-8) | Су жоқ |
| 12 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 54 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1400,0 | | | 1315,2 | 84,8 | Ашық қызғылт (балл бонитет-10) | Су жоқ |
| 13 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 2551,0 | | | 2541,05 | 9,95 | Ашық қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 14 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан шығысқа қарай 95 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1030,0 | | | 1028,0 | 2,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 15 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 29 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 757,0 | | | 752,0 | 5,0 | Ашық- қызғылт (балл бонитет-6) | Су жоқ |
| 16 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 92 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 542,0 | | | 541,0 | 1,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 17 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 95 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 658,0 | | | 656,0 | 2,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 18 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 82 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 442,0 | | | 439,0 | 3,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-5) | Су жоқ |
| 19 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір ауылдық округі, Кенгір ауылынан солтүстікке қарай 16 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 288,6 | | | 287,25 | 1,35 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 20 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Талап ауылдық округі, Талап ауылынан батысқа қарай 16 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 73,4 | | | 73,04 | 0,36 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-5) | Су жоқ |
| 21 | Жезқазған қаласы жерлері, Жезқазған қаласынан оңтүстікке қарай қарай 27,5 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 2350,0 | | | 2343,0 | 7,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-6) | Су жоқ |
| 22 | Жезқазған қаласы жерлері, Жезқазған қаласынан оңтүстікке қарай қарай 20,9 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1139,0 | | | 1132,0 | 7,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 23 | Талап селолық округі, Талап селосынан 14 км оңтүстік-батысқа қарай | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 132,0 | | | 129,0 | 3,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-4) | Су жоқ |
| 24 | Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан шығысқа қарай 53 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 493,0 | | | 488,0 | 5,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 25 | Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік-шығысқа қарай 26 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 900,0 | | | 897,0 | 3,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-12) | Су жоқ |
| 26 | Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Сарыкеңгір ауылдық округі, Малшыбай ауылынан шығысқа қарай 20 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1000,0 | | | 994,0 | 6,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-9) | Су жоқ |
| 27 | Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік-шығысқа қарай 34 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 2900,0 | | | 2886,0 | 14,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |
| 28 | Кеңгір селолық округі, Кеңгір селосынан солтүстік-шығысқа қарай 35 км жерде | Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Мал шаруашылығы | 49 жылға | 1700,0 | | | 1692,0 | 8,0 | Ашық-қызғылт (балл бонитет-7) | Су жоқ |

ЕСКЕРТПЕ: Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) Конкурстық ұсыныс;

**Конкурстық ұсыныста:**

1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру аландары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс «2020» жылғы «7» шілде сағат 15.00 дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады. Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Өткізілетін конкурсқа қатысуға өтінім құжаттары конкурс өткізу жөніндегі ақпараттық хабарламаның баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң 15 жұмыс күн ішінде яғни, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 ғимаратта орналасқан «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-де **2020 жылдың маусым айының 15 жұлдызынан бастап 2020 жылдың шілде айының 03 жұлдызы күні сағат 18.00-ге дейін қабылданады.** Өтінім құжаттары салынған конверттерді ашу рәсімі **2020 жылғы шілде айының 7 күні сағат 15.00-де** мына мекенжайда: Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 мекенжайында орналасқан, қала әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында өтеді.

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 және 2019 жылғы 1 тамыздағы №281 өзгерістер енгізілген бұйрығына сәйкес).

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 (6-қабат, 608 бөлме) мекенжайында орналасқан, «Жезқазғаган қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-нен ала аласыздар. Байланыс телефондары: **8(7102)733537, 733012,** электронды мекенжайы **https://jezkazgan.gov.kz.**

**Конкурстық комиссия**

# ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

**перечень земельных участков выставляемых на конкурс по предоставлению право временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из земель сельскохозяйственного назначения государственным учреждением «Акимат города Жезказгана»**

| № п/п | Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа, среднее расстояние, км. № лота земельного участка) | Целевое назначение | Сельскохозяйственная специализация региона | Срок аренды, лет | Общая площадь земельного участка, га. | Состав угодий, из них | | | | Качественная характеристика почв(балл бонитета) | вода обеспеченность |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Пашня | Сенокосы | Пастбища | Другие земли | | |
| 1 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 41 км востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1760,0,0 | | | 1756,0 | 4,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 2 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 29 км востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1125,0 | | | 1120,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 3 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 50 км Северо-востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 4380,0 | | | 4366,0 | 14,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-8) | воды нет |
| 4 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 29 км востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 806,0 | | | 800,0 | 6,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-10) | воды нет |
| 5 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 45 км востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 800,0 | | | 796,0 | 4,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 6 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 27 км к юго-востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1250,0 | | | 1245,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-8) | воды нет |
| 7 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 30 км к юго-востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 450,0 | | | 450,0 | | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 8 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 32 км к северу от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 3080,0 | | | 3060,0 | 20,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 9 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 30 км к востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 910,0 | | | 905,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 10 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 35 км к востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 985,0 | | | 980,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 11 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 49 км к востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 2170,0 | | | 1893,1 | 276,9 | Светло-каштановый (балл бонитет-8) | воды нет |
| 12 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 54 км к северо-востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1400,0 | | | 1315,2 | 84,8 | Светло-каштановый (балл бонитет-10) | воды нет |
| 13 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 45 км к северо-востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 2551,0 | | | 2541,05 | 9,95 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 14 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 95 км к северо-востоку от с.Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1030,0 | | | 1028,0 | 2,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 15 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 29 км к северо-востоку от с.Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 757,0 | | | 752,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-6) | воды нет |
| 16 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 92 км к северо-востоку от с.Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 542,0 | | | 541,0 | 1,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 17 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 95 км к северо-востоку от с.Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 658,0 | | | 656,0 | 2,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 18 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 82 км к северо-востоку от с.Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 442,0 | | | 439,0 | 3,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-5) | воды нет |
| 19 | Карагандинская область, город Жезказган, Кенгирский сельский округ 16 км к северу | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 288,6 | | | 287,25 | 1,35 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 20 | Карагандинская область, город Жезказган, Талапский сельский округ 16 км к западу от с.Талап | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 73,4 | | | 73,04 | 0,36 | Светло-каштановый (балл бонитет-5) | воды нет |
| 21 | земли города Жезказган чересполосный участок 27,5 км к югу от города Жезказган | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 2350,0 | | | 2343,0 | 7,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-6) | воды нет |
| 22 | земли города Жезказган чересполосный участок 20,9 км к югу от города Жезказган | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1139,0 | | | 1132,0 | 7,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 23 | Талапский сельский округ, 14 км к юго-западу от села Талап | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 132,0 | | | 129,0 | 3,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-4) | воды нет |
| 24 | Кенгирский сельский округ, 53 км к востоку от села Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 493,0 | | | 488,0 | 5,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 25 | Кенгирский сельский округ, 26 км к северо-востоку от села Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 900,0 | | | 897,0 | 3,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-12) | воды нет |
| 26 | Карагандинская область, город Жезказган, Сарыкенгирский сельский округ 20 км востоку от с.Малшыбай | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1000,0 | | | 994,0 | 6,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-9) | воды нет |
| 27 | Кенгирский сельский округ, 34 км к северо-востоку от села Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 2900,0 | | | 2886,0 | 14,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |
| 28 | Кенгирский сельский округ, 35 км к северо-востоку от села Кенгир | Для ведения крестьянского или фермерского хозяйства | животноводство | на 49 лет | 1700,0 | | | 1692,0 | 8,0 | Светло-каштановый (балл бонитет-7) | воды нет |

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

1. Заявка на участие в конкурсе;
2. Конкурсное предложение;

**Конкурсное предложение должно содержать:**

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: 15.00 часов «7» июля 2020 года» (указывается точная дата).

Приём заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по истечении 30 календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования, приём и регистрация заявок на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства осуществляются в течение 15 рабочих дней в ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана» расположенный по адресу: Карагандинская область, город Жезказган, площадь Алаша, 1, **с 15 июня по 3 июля 2020 года до 18.00 часов.** Процедура вскрытия конвертов с конкурсными заявлениями проводится **15.00 часов 7 июля 2020 года** в зале заседаний районного акимата по адресу: Карагандинская область, город Жезказган, площадь Алаша, 1. **https://jezkazgan.gov.kz**

(Согласно приказу Замистителя Премьер-Министра Республики Казахстан-Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518 и 1 августа 2019 года за №281)

Дополнительные сведения можно получить в ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказгана», расположенного по адресу: Карагандинская область, площадь Алаша 1, (6-й этаж, кабинет 608). телефон: **8(7102)733537, 733012**

**Конкурсная комиссия.**

# АБАЙ КӨШЕСІ АЖАРЛАНА ТҮСПЕК



«Saryarqa» газетінің 2019 жылғы 43-нөмірінде «Абай көшесі азып барады» деп алаңдаулы жезқазғандықтардың жанайқайын жеткізген Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның Құрметті журналисі Амандық Рахұлының ұсыныс-пікірі ескерілді. Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі бекіткен эскиздік жоба бойынша бүгінде Абай көшесін абаттандырып, тұрғындардың тынығатын сүйікті демалыс орнына айналдыру жұмыстары басталды. Бұл 175 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпекші ұлы Абайға деген мысты өлкенің құрметі деп бағаладық. Бізде қазақтың бас ақынына ойып тұрып ескерткіш қойылмаса да бюст бұйырғаны көңілімізге қуаныш сыйлады. Ал, енді тамыз-қыркүйек айларының бірінде тұрғындардың игілігіне берілетін Абай көшесіндегі алаңның қандай кейіпке енетініне көз жүгіртіп көрелік.

Жобаны іске асыруға жауапты – Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі. Сарыарқа мен Абай көшесі қиылысында бой көтеретін алаңға орнатылатын Абай бюстінің биіктігі – 1,70 м, тұғыры – 3 м. Ақынның мүсінің жасаған – «А.Мендіғалиев» ЖК. Бюст айналасындағы 3500 шаршы метр толығымен абаттандырылады. Әзірше абаттандыру жұмыстарын жүргізетін мердігерге конкурс жарияланған. Эскиздік жобаға сүйенсек алаңға тас төсеме төселіп, жасыл желектер мен гүлзарлар егілмек. Сонымен қатар, балалардың жас ерекшелігіне қарай түрлі ойын кешендері орнатылмақ. Сәтін салса 9-орамдағы балғындар алтыбақанға тербеліп, «луноход», «крокодил», «самолет» пен «касатка» деп аталған аттракционының қызығына кенелмек. Ересек тұрғындар да ұмыт қалмапты. Олар үшін көше тренажерлері орнатылады.

Жарық әрі жасыл, өзгеше кейіпке енетін Абай көшесіндегі бұл алаң тұрғындардың тыныстайтын ғана емес рухани азық алар мекеніне айналса деген тілек бар...

**Өз тілшіміз**

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

# ОТБАСЫ – ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Мемлекет ішіндегі мемлекет саналатын отбасы ұғымы кім кімге болса да ең қымбат, ең бағалы, ең аяулы сөз екендігі ақиқат. Тағдыр қосып өз өмірлерін мәңгілікке бірге өткізбек ниетте шаңырақ көтерген қос жастың ыстық сезімдері мен жарасымды сыйластығының арқасында отбасы ұжымы қалыптасады. Одан әрі екі жастың мақсат-міндеттері 180 градусқа өзгеріп, жауапкершіліктері де арта түседі. Себебі өмірге бала келеді. Міне, бұдан былай кеше ғана өздері ата-аналарына еркелеп, алаңсызда ғұмыр кешкен жастар, балалықты ысырып тастап, өмір кітабының жаңа парақтарын ашуды бастап кетеді. Осыған дейін тыныштықта, алаңсыз күн кешкен олар үшін өздері мүлде бейхабар отбасы атты жаңа кеңістікке қаймықпай сіңісу оңайлыққа түспесі белгілі. Бұрындары тек өз дегендерімен жүріп-тұрып үйреніп қалған жастар енді жаңа тіршілікке дағдылана бастайды. Бұрынғыдай жеке дара емес ортақ арман мен мақсатты түзіп, соны орындау жолында тырбана еңбек етеді. Енді олардың ішкі «Мені» «Бізге» алмасады. Міне, отбасы ұғымының құдіреті де осында болса керек.

Мамыр айы – мына жарық дүниеде сіз үшін бәрінен биік, бәрінен қымбат, барша жанға ортақ мерекенің мерзімі. Себебі, 15 мамыр – халықаралық отбасы күні. Бұл күнді төрткіл дүние жұрты аса зор қуанышпен қарсы алады. Аталмыш мереке 1993 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының шешімімен қабылданған болатын. 1994 жылдан бастап мамыр айының алғашқы жартысы аяқталған күні дәстүрлі түрде аталып өтілетін болды.

Адам өмірінің негізгі қорғанышы, негізгі қолдаушысына айналған берік отбасы институтын қалыптастыру оңайға түспейтіні анық. Ер мен әйелінің бір-бірінің мінез-құлқына, жаңа түскен келіннің қайынжұртына үйренісіп кетуі үшін де біршама уақыт керек. Психолог мамандардың айтуынша, көбіне жастар отбасы құрғаннан кейін кездесетін қаржылық қиындықтарға да төтеп бере алмау себебінен күрделі проблемалық жайттарға тап болып жатады екен. Отбасы мәселелерін зерттеумен айналысатын «Қоғамдық пікір» қорының мәліметтерінше, азаматтар отбасында дау-жанжалды мәселелерге қаржылық қиындықтарды, баспананың жоқтығын және қалған себептеріне жұмыссыздық пен денсаулықтың нашарлығын себеп еткен. Аталған себептердің көп жағдайда екі жастың жолы қақ бөлінеді. «Үйлену – оңай, үй болу – қиын» дегендей дәм-тұзы жараспаған жанұялар шырмаулы мәселеден ажырасу арқылы құтылуға шешім қабылдайды. Әлем бойынша әрбір 13 секунд сайын бір отбасы жойылып отырады екен. Бұрынғыдай ата-ана сөзін қатаң жарғыдай қабылдап, аттап өтпейтін, дәстүрге берік қазақ менталитеті бәсеңдеген заманда біздің еліміз ажырасу фактісі бойынша жоғарғы орындарды бермей тұрған мемлекеттердің қатарында. Көбіне отағасы табысының ішіп-жеуден артылмауы, маскүнемдікке салыну, әйеліне қол көтеру жағдайлары – негізгі түйткілдердің бірі. Гендерлік саясат сайрап тұрған заманда әйел адамдарда күйеусіз далада қалмайтынын біледі. Соның нәтижесі – бүгінде қазақстандық әрбір үшінші отбасының тарқап тынуы. Жұбайлардың өзара жараспауы бірінші кезекте ортадағы балаға әсер етеді. Мамандар сөзінше толыққанды отбасында өмір сүрмеген балалар өздерін кінәлі сезініп, қоғаммен араласуы төмендеп, тұйықтала бастайды екен. Жастайынан психологиялық соққы алған баланың өз-өзіне деген сенімсіздігі де азаяды, ешкімге сенбейтін болады және олардың теріс жолға түсіп кету жағдайлары да жиі ұшырасады. Осындай қателіктен аулақ болу үшін көпке құрметті анадан кеңес сұрадық.

– Бүгінгі жағдай біздің жас кезімізден мүлде бөлек. Қазір жастар жігіт пен қыз болып достасып жүреді. Әңгімесі түзу, тепсе темір үзетін жігіт пен түр-сымбаты келіскен ай жүзді ару. Сезімдері оттай лапылдап тұрған ғашықтар отбасын құруға бел байлайды. Шындығында, олар екеуіде бір-бірін толық танымайды ғой. Алғашында теріс мінездерін шығармайтыны сөзсіз. Осылай отбасын құрады. Уақыт өте бірінен соң бірі қылтиып жақпайтын жат қылықтары бой көрсете бастайды. Міне, осындай кезде ашу-ызаға, қызбалыққа берілмей сабыр етіп, түсіністік таныта білу қажет. Ер адам отбасының тірегі, қорғаушысы, асыраушысы. Ал әйел сол үйдің отанасы, жарығы мен жылуын шашар шамшырағы іспетті. Бірінің бірінсіз күні жоқ. Серігіңнің ұнамаған жағын түсіндіруге тырысу керек. Әйелі ер адамға деген назын жайменен, майдалап, қарнын тойдырып, жақсы көңіл күйде отырған сәтінде түсіндіргені абзал. Жақсы әйел өз кінәсін ерінің қабағынан-ақ ұғып алады. Жұбайын құрметтеп, шын жақсы көретін отанасы өз қателігін екінші мәрте қайталамайды. Міне, осылай өзара үндестікте, түсіністікте өмір сүрсе ғана отбасы сақталады. Бастысы – махаббатты сыйластықпен жалғай білу керек. Мен мұны өз балаларыма да айтып отырамын. Отбасы күні деген – ең бір ерекше күндердің бірі ғой. Бұл күнді біреу білсе, келесі біреулер онша біле бермейді. Жылы ұяның қадірін ұғындырар халықарылық отбасы күні құтты болсын. Қадір-құрметтерің артып, сезімдерің сөнбесін. Бейбіт аспан астында балаларың бақытты өмір сүріп, қызық-қуанышқа кенелтсін! – деген ақ жаулықты Күлтән ана жезқазғандық отбасыларды осынау айтулы күнмен құттықтады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# КІТАПХАНАДАҒЫ ҚОС КОНКУРС











**Карантин режиміне қарамастан қалалық кітапханалар өз жұмысын тоқтатпай, оқырманынан алыстамады. Оқырманымен онлайн жұмыс істеген біз Ұлы Жеңістің 75 жылдығын елеусіз қалдыра алмадық. Сондықтан, атаулы күнге арналған шаралардың легін қашықтықтан өткіздік.**

Атап айтқанда, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің балалар мен жасөспірімдер кітапханасы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы парыз» атты бейне естелік пен «Бақыт гүлін терген күн» атты балалар сурет байқауын «Instagram» және «Facebook» әлеуметтік желілерінде қашықтан ұйымдастырды. Бейне естелік конкурсында оқырмандар өздерінің ардагер аталары туралы баяндауы тиіс еді. Конкурсқа қатысуға ниет танытқан жас оқырмандар Ұлы Отан соғысының ардагерлері Кәкімбек Сексенбаев, Базар Ғұсманов, Хамит Құлмурзин, Мұсылманбек Байгенжинов пен Константин Крапов, Өмірзақ Сағындықұлы, Оспан Барбилов, Хусаин Джумашев, Феодосия Джумашева жайында көп естелік ұсынды.

«Бақыт гүлін терген күн» сурет байқауына қаламыздың мектеп оқушыларымен қатар, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданына қарасты Алмалы ауылының балалары да қатысты. Барлығы 30-дан астам оқушы жұмыстарын ұсынды. Жас буынды шығармашылық қабілеттерін тереңдету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеуді мақсат тұтқан конкурс жоғары деңгейде өткенін атап кетпеске болмас. Балғындардың қиялынан туындаған қанық түсті картиналар таңдай қақтырмай қоймады. Өз суретіне Ұлы Жеңіс күнін, әскери техника мен соғыстан қайтқан солдаттарды арқау еткен қатысушылардың барлығы жеңімпаз атануға тұрарлық. Дегенмен, байқау ережесі бойынша әлеуметтік желісінде көп дауыс жинаған сурет иесі жеңімпаз атанды. Осылайша, байқау нәтижесі бойынша 5-7 жас аралығында I орын Абдолла Иманбекке, II орын Ильяс Түгеловке, III орын Әнел Түгелге, 8-11 жас аралығында I орын Нұрислам Жолаушинге, II орын Диас Қалыбекке, III орын Ансар Серікке бұйырды. Жеңімпаздарға диплом мен сыйлықтары карантин режимі аяқталған соң табысталады.

Ұлы Жеңістің туын желбіреткен батыр бабаларымыздың ерлігін паш етіп, насихаттаған қос бірдей конкурстың жас таланттарына кітапхана ұжымы алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тілейді.

**Жанар ТӨКЕНОВА,**
**Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі**

# ЕРІКТІЛЕРГЕ ЕЛ РИЗА

**Әлемді жайлаған пандемея біздің елімізді де айналып өтпеді. Осындай ауыртпашылықты кезеңде жұдырықтай жұмылып, ауызбіршілікпен барша Жезқазған жұртына қол ұшын созған «Жылы жүрек» волонтерлар ұйымына көптің айтар алғысы айрықша.**



«Жылы жүрек» волонтерлар ұйымының негізгі ерекшелігі неде екенін білесіз бе? Ол – аталған волонтер ұйымының тек нәзікжандылардан құралуында. Бүгінде «Жылы жүректе» он волонтер бар. Олардың барлығы – көп балалы аналар. Отбасы, үй шаруасы, бала тәрбиесі, одан қалса жұмысы тағы бар аналар волонтерлық кәсіпті де ұршықтай иіріп жүр. Ақ жаулықты аналардан құралған волонтерлар ұйымы туралы кеңінен білмек мақсатта топ жетекшісі Айгерім Тобашпен бірер ауыз тілдескенді жөн көрдік.

– Біз жолдасымыз екеуміз бұған дейін де көмекке зәру жандарға қарасып жүретінбіз. Жасым – жиырма бесте. 4 баланың анасымын. Бұрын қаламыздағы жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнында жұмыс істедім. Қазір бала тәрбиесімен үйде отырмын. Бірде әлеуметтік желідегі топқа менімен қатарлас келіншек, өзінің мұқтаж жандарға қол ұшын созғысы келетінін айтып, соған байланысты, таныстарымыз болса бөлісуін сұрап жазба қалдырды. Осы жайтқа куә болған маған «Бір бастан екі бас артық қой, неліктен осы қызбен бірігіп жұмыс істемеске?!» деген ой туындады. Содан, әлгі қызға хабарласып, өз ниетімді білдірдім. Ол да қуана келісті. Сөйтіп «WatsApp» әлеуметтік желісінде «Қайырымдылық» атты топ аштық. Екеуіміз бұл топқа өзіміздің құрбыларымызды шақырдық. Осылайша, көп балалы аналардан құралған волонтерлік топ пайда болды. Бәріміз әліміз келгенше қаржы жинап, Гүлдана есімді алты балалы анаға көмектестік. Бұл біздің топ болып жасаған алғашқы жеңісті де жемісті ісіміз еді. Осы істе қаламыздағы «Arzan Zhez» дүкенінің иелері де қосылып, Гүлдананың балаларына 30 000 теңгелік сертификат сыйлады. Оның балалары оқитын мектеп те алыста екен. Олардың жолпұлына да ақшалай көмек көрсетілді. Одан бөлек, Мүсілім есімді денсаулығында кінәраты бар балаға әлеуметтік желіде байқау ұйымдастырып, еміне арнайы 300 000 теңгедей қаржы жинап бердік. Бүгінде осылай Сұлтан есімді балақайға қаржы жинаудамыз. Аяқ астынан аты жаман ауру біздің елімізге де келіп, абдырап қалғандығымыз рас. Жезқазған жұртшылығы дәріханалардың ешқайсысынан маска таппай қиналып кетті. Осы орайда, «Масканы неге өзіміз тігіп алмаймыз?» деген ой келді бізге. Бірден білек сыбана іске кірісіп, күніне 300-ге тарта маска тігіп, оны қала тұрғындарына тегін тараттық. Кейін өзге мекемелерден тапсырыстар түсті. Біз қуана-қуана тігіп бердік. Арасында әлеуметтік жағдайы нашар отбасыларға азық-түліктей көмек көрсетеміз. Бұл іске қала кәсіпкерлерінің көмегі зор. Біздің қыздар қиындықтан қашқан емес. 50 келілік ұнды да өзіміз көтеріп, көмек керек пәтерлердің есігіне дейін жеткізіп бердік. Мен және менің құрбыларым, Айда Қуатқызы, Айгерім Әбілдина, Алтынай Алматқызы, Айгерім Рахымжанова, Индира Болатқызы, Динара Мергенбекова, Сандуғаш Ерболқызы, Индира Бейсембаева, сонымен қатар «Қайырымдылық» чатындағы алпысқа жуық келіншек осы игі істеріміз үшін ешқашан алғыс немесе қайтарым күткен емеспіз. Біз әр қайырымдылық істі жүрекпен жасаймыз. Өйткені, мұқтаж жанға берілген көмектің сауабы мол. Сәтті пайдаланып, «Жылы жүрек» тобындағы барша қыздарға алғысымды білдеріп, отбасыларына береке-бірлік тілеймін. Қолыңнан келіп тұрса, барынша жақсылық жасағанға не жетсін?! – деген ол алдағы уақытта да «Жылы жүрек» жақсы істердің жанынан табылатынын айтты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК КІЛТІ

**Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, жан-жақты жол ашылған.**

«Келешекке кемел біліммен» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Үштілді оқыту – заман талабы. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Қазіргі кезде студенттерге ағылшын тілін оқытудың әр түрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал- жабдықтар, аудио-бейнекешені оқушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білімін жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ, оқыту процесінде мультимедиабағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кең қолданылады. Тілге байланысты оқу процесінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ, ашық сабақтар, пікір-сайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасын талдау, оқушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, сонымен қатар студенттердің жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету.

Бүгінде біздің елде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуге ерекше мән берілуде. Сонымен қатар, бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру қажеттілігіне де ерекше назар аударылады. Сондықтан, қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгеруді жолға қою — бүгінгі таңдағы орта білім жүйесінде педагогикалық үрдістің негізгі бағыттарының бірі. «Үш тұғырлылық» жобасы аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге жағдайлар жасалуда. Бұл жобаның еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына қосылуға үлкен мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Студенттердің жыл бойы халықаралық жобаларға қатысуын қадағалау, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарды нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

**Мылтықбай РАХЫМЖАНОВ,**
**Жезқазған технология және сервис колледжінің өндіріс шебері**

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

# ДЕНДЕГЕН ДЕРТТІҢ ҚҰРБАНЫ КӨП

**Жыл сайын мамырдың үшінші жексенбісінде бүкіл әлем ЖИТС-тен қайтыс болған адамдарды еске алады. Ондағы басты мақсат – осы аурудың таралу проблемаларына әлемдік қоғамдастықтың назарын аудару. Алғаш рет дуниежүзінде ЖИТС-тен қайтыс болғандарды еске алу күнін өткізу 1983 жылы АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында қолға алынды.**

ЖИТС – әлемдегі басты проблемалардың бірі. Қазіргі уақытта АИТВ жұқпасы халық арасында кең таралуда, ешкім бұл жұқпаны жұқтырудан сақтандырылмаған. АИТВ-жұқпасын жұқтырғандар саны жыл сайын артып келеді. Оның ішінде берекелі отбасынан шыққан ерлер, әйелдер және балалар да аталмыш дертке шалдығуда. Осылайша, бұл эпидемия еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатер төндіріп қана қоймай, еңбекке қабілетті халық арасында демографиялық жағдайды әлсіретуде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының статистикалық мәліметтеріне сәйкес, әлемде АИТВ-жұқпасымен 42 миллионнан астам адам өмір сүреді және бұл көрсеткіш күн сайын кем дегенде 14-15 мың адамға артып келеді. Ауру жұқтырғандардың көпшілігі – 30 жасқа дейінгі адамдар. Соңғы ширек ғасыр ішінде ЖИТС 25 миллионға жуық адамның өмірін қиды. Барлық жағдайлардың 2/3 бөлігі – африкалықтар. Көптеген ғалымдардың пікірінше, Африкада ересектердің әр үштен бірі АИТВ-жұқпасын жұқтырған.

АИТВ-жұқпасының берілуі мен сақтану жолдары туралы ақпаратқа көпшілік немқұрайлы «маған қатысы жоқ» деген көзқараспен қарайды. Біз әлі күнге «АИТВ –жұқпасы есірткіқұмарлар мен жезөкшелерде ғана болады» деген жаңсақ ойдан арыла алмай келеміз. Соның салдары аурудың таралуына бірден-бір себеп болып отыр, қазір ол адам талғамайтын дертке айналды. Дауасы жоқ дертті жұқтырғандардың қатарында жұмысшылар да, балалар да, жүкті әйелдер де, қызметкерлер де бар.

АИТВ – адамға өте қауіпті вирустардың бірі. Адамның иммун жүйесі бұзылғаннан кейін, сау адамға қарағанда, олар кез келген инфекцияның алдында дәрменсіз болады. Адамның иммунтапшылығын тудыратын вирус ағзаға түскеннен кейін онда мәңгі қалады. Бұл аурудан жазылған адам ресми түрде жер шарында әлі тіркелген жоқ.

Қазіргі уақытта егер дәрігерлердің ұсыныстарын орындап және қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын сақтайтын болса, антиретровирустық емінің мүмкіндіктері арқасында АИТВ-жұқпасымен өмір сүру сапасын жақсартуға болады. Осының арқасында ЖИТС қазір созылмалы-жұқпалы ауру қатарына ауысты.

Бұл күні әрқайсымыз жақындарымыз туралы ойланып, ЖИТС-тен өмірден өткендерді еске түсіріп және АИТВ жұқпасы бар тұрғындар өмірлерін жақсартуға, моральдық қолдау көрсетілуіне және наным-сенімдер мен кемсітушіліктен қорғануына барлық мүмкіндіктерді жасауымыз қажет. Сонымен қатар құқықтары мен бостандықтарының сақталуына, ем, күтім алуына және қолдау көрсетілуіне кепілдік беруді қамтамасыз етуіміз керек.

АИТВ жұқпасының алдын алуға бағытталған іс-шараларға тұрғындарды белсене қатысып, немқұрайлылық танытпауға шақырамыз. АИТВ-ға тестілеуден өтіп тұру да маңызды. Осылайша, Сіз өзіңізді де, өзіңізге жақын адамды да емі жоқ дерттен сақтап қаласыз.

**Гүлжан ТУРЛИНА,**
**«Қарағанды облыстық ЖИТС- тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» ККМ Жезқазған бөлімінің дәрігер-эпидемиологы**

# ЖЕҢІСТІ ЖЫРЛАДЫ

**Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай облыстық мәдениет, архивтер және құжатнама басқармасы және Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы ұйымдастырған «Жеңістің өшпес шырағы!» атты облыстық байқаудың «Жеңіс жайлы жырлаймыз!» тақырыбындағы мүшәйрасына орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, М.Әуезов кітапхана-филиалының жанынан құрылған «Жас толқын» поэзия клубының мүшелері де қатысты.**



Біздің тұрақты оқырмандарымыз саналатын жас ақындар Абай Ораз, Мұқағали Сейтқазы, Аружан Оралбайдың қанжығасы майланып, жүзден жүйрік шықты.

Бірнеше республикалық, облыстық жыр мүшәйраларының жүлдегері. «Бебеу» жыр жинағының авторы Абай Ораз «соғыс салған соқпақтар» өлеңімен I орынды, «Ұшқан ұям – Ұлытау», «Қара кітап» атты кітаптарының авторы Мұқағали Сейтқазы «Жеңіс сарбаздары» арнауымен II орынды, ал Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің III курс студенті Аружан Оралбай «Мың төрт жүз он сегіз күн» өлеңімен III орынды иеленді. Жеңімпаздар қомақты қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

**Айнекен ЖӘНІБЕКОВА,**
**М.Әуезов кітапхана-филиалының кітапханашысы**